Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Мектепалды сыныбы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспар қай кезеңге жасалды: 03.02–07.02.25ж

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 03.02 | Сейсенбі 04.02 | Сәрсенбі 05.02 | Бейсенбі 06.02 | Жұма 07.02. |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | **Біртұтас тәрбие бағдарлама аясында ақпан «Жасампаздық пен жаңашылдық » айы ҚР Әнұранын айту. Күй күмбірін тыңдау.** ***Жеке қауіпсіздік*** **«ТӨТЕНШЕ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ТЕЛЕФОН НӨМІРЛЕРІ»** https://orken-institutv.kz/ru/telefony-goryachih-linij https://orken-instituty.kz/ru/dashboard/cpsp-material/poleznye-materialy-cpsp https://www.youtube.com/watch?v=HBgZoMfOcIE&list=PLA5eCSY2FeoQFtmGao7lWQuIA-hK_6ODD&index=12 | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасылық дәстүрлер туралы жеке әңгімелер, балалармен қарым-қатынас жасау және жақсы көңіл-күй қалыптастыру ойындары. Достық атмосферасын құру. | Қайырлы таң! Сәлеметсіз бе! Мазмұнды іс-әрекетті қамтамасыз ету. Баланың бастамасымен пайда болатын ойынды ынталандыру. | Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы әңгімелесу, баланың жеке пікірін білдіруге тарту. (Қайырлы таң! Сәлеметсіз бе!) | Баланың көңіл күйі, оның қызығушылықтары туралы әңгіме. Өзін-өзі бағалауды, өзін-өзі құрметтеуді, өз қабілеттері мен мүмкіндіктеріне сенімділікті тәрбиелеуді жалғастыру. (Қайырлы таң! Сәлеметсіз бе!) |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Өнегелі 15 мин.Ересек жастағы балалардағы сөйлеу дамуының ерекшеліктері мен мәселелері туралы әңгімелесу. «Ұялшақтықты қалай жеңуге болады» тақырыбындағы жеке әңгімелер | Өнегелі 15 мин.Ата-аналармен денсаулық мәселелері бойынша әңгімелер | Өнегелі 15 мин.Ата-аналармен тәрбие, даму және оның жетістіктері туралы әңгімелесу; консультациялар | Өнегелі 15 мин.Баламен бірге жол қозғалысы ережелерін суреттерден қарау | Өнегелі 15 мин.Бала күнінің үй режимі туралы ата-аналармен әңгімелесу |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, | «Заттар не үшін қажет?» дидактикалық ойын Мақсаты: балалардың ойлау қабілетін, белсенділігін және | «Әрекетті бағалау» дидактикалық ойыны (сюжеттіксуреттер) Мақсаты: балалардың жақсы | «Өз көшеңді картадан тап» дидактикалық ойын Мақсаты: кеңістіктегі бағдарды жетілдіру. | «Бөлшектерден үй құра» дидактикалық ойын Мақсаты: үй мен автобус бөліктерін табу қабілетін | «Әрекетті таңда» дидактикалық ойыны Мақсаты: балалар сөздігінде етістіктерді белсендіруді |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ұлттық,сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және баска ойындар, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалары) | дербестігін дамыту; балалардың тұрмыстық заттарды, құралдарды, жабдықтарды мақсаты туралы білімдерін бекіту; оларға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. (Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту) «Суық – ыстық» аз қимылды ойыны Мақсаты: есту қабілеттерін, физикалық қасиеттерін дамыту. (Дене шынықтыру + сөйлеуідамыту) «Іздесең табасың» үстел үсті ойындары Мақсаты: жылдың жекелеген уақыттарына тән белгілерді ажырата білу қабілетін бекіту. (Қоршаған ортамен танысу + математика) | және жаман істер туралы түсініктерін бекіту; іс-әрекеттерді сипаттау және бағалау; сезімталдыққа, қайырымдылыққа тәрбиелеу. (Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту) «Кегльді құлат» аз қимылды ойыны Мақсаты: қимылдарды үйлестіру дағдысын бекіту: дәлдікті, зейінді, лақтыруға күш беру қабілетін дамыту. (Дене шынықтыру + математика) «Жұп сурет» үстел үсті-баспа ойындары Мақсаты: суреттерде бейнеленген заттарды салыстыруда, ұқсастықтарды табуда және бірдей суреттерді таңдауда шеберлікті бекіту; ойын ережелерін орындау қабілетіне тәрбиелеу. (Қоршаған ортамен танысу + математика) | (Математика + қоршаған әлеммен танысу) «Қармақ» қимылды ойыны Мақсаты: орнында секіру жаттығулары; ептілікті, қимылдарды үйлестіруді, зейінді дамыту. (Дене шынықтыру + математика) Баспа ойындары «Орманда не өседі?» Мақсаты: орман және бақша өсімдіктері туралы білімді бекіту. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту) | дамыту; балалардың шеңбер, шаршы, тіктөртбұрыш туралы білімдерін бекіту; зейінді, көзді, табандылықты дамыту. (Математика + қоршаған әлеммен танысу) «Кім кетті?» қимылды ойын Мақсаты: зейінді, тапқырлықты, жетіспейтінді тез таба білу қабілетін дамыту. (Дене шынықтыру + математика) «Телефон» театрландырылған ойыны Мақсаты: қиялды, диалогтық сөйлеуді дамыту. (Шығармашылық + сөйлеуді дамыту) | жалғастыру. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту) «Айырмашылықты тап» қимылды ойыны Мақсаты: зейінді, есте сақтауды, сигнал бойынша әрекет ету қабілетін дамыту. (Дене шынықтыру + математика) «Арқан» театрландырылған ойын Мақсаты: өз денесін меңгеру дағдысын жетілдіру, қол мен аяқтың қимылын еркін және қысылмай пайдалану; қарапайым бейнелі-экспрессивті дағдыны бекіту (Музыка + сөйлеуді дамыту) |
| Ертеңгілік жаттығу | Кешенді жаттығу | Кешенді жаттығу | Кешенді жаттығу | Кешенді жаттығу | Кешенді жаттығу |
| ҰІӘ дайындық | «Жақсы деген не, жаман деген не?» Мақсаты: балаларда басқалармен қарым-қатынастың моральдық нормалары туралы идеяларды қалыптастыру; ұжымда достық, достық қатынастарды дамыту. (Қоршаған ортамен танысу) | Әңгіме «Анам, әкем және мен – тату отбасымыз!» Мақсаты: «Отбасы», «махаббат», «туысқан» ұғымдарын білуді бекіту. (Қоршаған ортамен танысу) Дидактикалық ойын «Мейірімді сөздердің тізбегі» Мақсаты: сөздікті байыту (сөйлеуді дамыту) | «Мені еркелетіп айт» этюд Мақсаты: балаларды әртүрлі мейірімді есім түрімен таныстыру; бір-біріне оң көзқарас қалыптастыру (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту) | «Ойлан, тап» ойын жаттығуы Мақсаты: балаларды белгілері мен сипаттамалары бойынша тануға үйрету. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу) | «Смайлик» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларды әртүрлі эмоция көрінісімен таныстыру; оларға адамның бет әлпеті бойынша негізгі эмоцияны ажырата білуге үйрету. (Қоршаған әлеммен танысу) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Кестеге сәйкес ҰІӘ<br>**Бірінші ҰІӘ $9^{00}$-$9^{25}$ үзіліс 10 минут**<br><br>8.Балалармен қарым-қатынас көтеріңкі көңіл-күй, ойындар $9^{25}$-$9^{35}$<br><br>Уакыт кою керек | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Міндеттері:Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру,сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу<br>Тақырыбы:Біз нені білдік?<br>«Сипатынан тап» ойыны.<br>Шиқылдайды, құйрығы ұзын, мысықтың жауы – ...*(тышқан)*<br>Мойны ұзын, екі құлақты, екі ішекті, тарта білсең әдемі әуен шығады –...*(домбыра)*<br>Жасыл түсті, инесі көп, дәнін оның тиін сүйіп жейді*(шырша)*<br>Түсі сұр, өзі қорқақ, құлағы ұзын – ...*(қоян)*<br>Өзі аппақ, суық пенен суды сүйер сүйкімді бір жануар – ...(ақ аю)<br>« Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша» Тәрбиеші қандай да бір дыбысты айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалауша ны желбіретеді.Дидактикалық ойын: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз қос» Мен сендерге сөздер айтамын сендер сол сөзге дауыссыз дыбыстан басталатын, мағына сы ұқсайтын сөз ойлап айту ларың керек.Мысалы: әдемі ... (қыз), ағаш ... (бесік), темір ... (қаламсап), ақымақ ... (бала), қу ... (түлкі), қорқақ ... (қоян), терең ... (құдық), суық ... (қыс), жылы ... (көтем), дәмді ... (нан), жылы ... т.б. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Міндеттері:Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту<br>Тақырыбы:Спорт-денсаулық кепілі<br>Балалар, деніміз сау болу үшін не істеуіміз керек?<br>Мақалмен таныстыру.<br>Дені саудың жаны сау.<br>Балаларға мақалдың мағынасын түсіндіру. Адамдар әрқашан қимыл-қозғалыста жүрсе, организмін дегі қан айналысыда қозғалыс та болып, жұмысы жақсарады. Ауруға қарсы тұру қабілеті артады. Адам денсаулығы үшін тазалық, спорт,таза ауа, күн тәртібі, шынығу қажет.<br>-Шынығу деген не?<br>-Ол не үшін қажет?<br>-Шынығудың қандай түрін білесіңдер?<br>-Кім спортшы болғысы келеді?<br>-Спортшы қандай болуы керек?<br>«Қалай аталады?» ойыны<br>-Спортпен айналысатын адамдарды қалай атаймыз? *(Спортшы)*<br>-Хоккей, бокс, футбол және жүгірумен айналысатын спортшыларды қалайатайды? *(Хоккейші, боксшы, футболшы, желаяқ)*<br>-Спортшылар жаттығатын жер қалай аталады? *(Жаттығу залы)* | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Міндеттері:Сөздерді дыбыс тық талду:сөздегі дыбыстар дың ретін,дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау<br>Тақырыбы:Дыбыстық талдау<br>«Жалпы атауын ата»ойыны.<br>Дәрігер, аспазшы, тігінші – . . . *(мамандықтар)*<br>Ұшақ, зымыран, тікұшақ, дельтаплан – . . . *(ұшатын көліктер)*<br>Футбол, волейбол, хоккей – . . . *(спорт түрлері)*<br>Қасқыр, арыстан, қоян, керік – . . . *(жабайы аңдар)*<br>Көлік, қуыршақ, доп, секіртпе – . . . *(ойыншықтар*<br>*Дыбыстармен жұмыстар.*<br>Ойын: «Жалауды көтер» *(дыбыс, буын, сөз)*<br>Тәрбиеші дыбыстарды, буын дарды, сөздерді айтады: д,р,у, п, ш,н,у, к...Па, шу, ио, уын, қу, ти, са, лау, сур, ту, лақ, ми, ри, на, ту, на, пақ...<br>Апа, саумал, садақ, шулама, шалбар, аққу, дала, сақина, қауын...Балалар «у»дыбысын естігенде, қызыл жалауша ларын желбіретеді.<br>Дидактикалық жаттығуы: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға»<br>–Мен сендерге суретін көрсе тіп сөз айтамын сендер тек дауыссыз дыбыстардан баста латын мағынасына келетін сөздер жалғауларың керек. | **1. Сөйлеуді дамыту**<br>Міндеттері:Балаларды сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу<br>Тақырыбы:Денсаулық еліне саяхат<br>Жалқаулықты тастаймыз,<br>Жаттығуды бастаймыз.<br>Қиынсынып қашпаймыз,<br>Шынығамыз жастай біз.<br>– Өлең не туралы?<br>– Саған дене шынықтыру жаттығулары ұнай ма? Қандай ойындар мен жаттығуларды жасайсың?Адамның ең алдымен денсаулығы зор болуы керек.Мақалмен таныстыру.<br>Денсаулық – зор байлық.<br>Сөздік жұмысы:*Сымбатты*<br>– дене бітімі әдемі.<br>Үлестірмелі материалмен жұмыс.Суретте балалар қандай жаттығу жасау үстінде? Әңгімеле.Спорт құралдарын иесіне сызып қос. Олар қандай спорт түріне арналған? Қалай аталады?Дидактикалық ойын: «Қара да қайтала»Адамдар дың түрлі қалыптағы бейнелері сызылған қағаздар (аяқтары бірге, оң қол төмен, сол қол жанына созылған т.с.с.)<br>Әуен ырғағына бәрі билейді. Әуен тоқтаған кезде Тәрбиеші көрсеткен сызбаға сай әрекет терді қайталап тұра қалады.<br>«Сөйлемді антоним сөздермен аяқта» ойын-жаттығуы<br>Құс ұшады, ал жылан ... *(жорғалайды)* | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Міндеттері:Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықта.<br>Тақырыбы:Сөйлем құрй білеміз?<br>Жалпы атауын ата»дидактикалық ойыны.<br>Әке, аға, ана, әпке – . . .<br>Орындық, үстел, сөре, кереует – . .<br>Шалбар, тымақ, шалма, жейде – .<br>Кітап, дәптер, қалам, сызғыш – . .<br>«Тығылыспақ», «Қуаласпақ», «Мысық - тышқан», «Ақ серек – көк серек»<br>Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша» Тәрбиеші дыбыстар айтады егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалауша ны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.<br>Дидактикалық ойын: «Буынды қос»*(доппен)*<br>– Балалар, шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғас тырады. Кім дұрыс айта алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді. Мысалы:(ай- на, алты-бақан, ба-қа, май-мыл, жыл-қы, түйме- дақ, ).<br>Дидактикалық жаттығу: «Сөйлемге қажетті сөзді қос»<br>– Мен сендерге бір сөзі жетпей тін сөйлем айтамын, ал сендер сөйлем дұрыс құрылу үшін, мағынасы бойынша келетін сөз |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ұлттық,сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалары) | дербестігін дамыту; балалардың тұрмыстық заттарды, құралдарды, жабдықтарды мақсаты туралы білімдерін бекіту; оларға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. (Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту) «Суық – ыстық» аз қимылды ойыны Мақсаты: есту қабілеттерін, физикалық қасиеттерін дамыту. (Дене шынықтыру + сөйлеудідамыту) «Іздесең табасың» үстел үсті ойындары Мақсаты: жылдың жекелеген уақыттарына тән белгілерді ажырата білу қабілетін бекіту. (Қоршаған ортамен танысу + математика) | және жаман істер туралы түсініктерін бекіту; іс-әрекеттерді сипаттау және бағалау; сезімталдыққа, қайырымдылыққа тәрбиелеу. (Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту) «Кеглді құлат» аз қимылды ойыны Мақсаты: қимылдарды үйлестіру дағдысын бекіту: дәлдікті, зейінді, лақтыруға күш беру қабілетін дамыту. (Дене шынықтыру + математика) «Жұп сурет» үстел үсті-баспа ойындары Мақсаты: суреттерде бейнеленген заттарды салыстыруда, ұқсастықтарды табуда және бірдей суреттерді таңдауда шеберлікті бекіту; ойын ережелерін орындау қабілетіне тәрбиелеу. (Қоршаған ортамен танысу + математика) | (Математика + қоршаған әлеммен танысу) «Қармақ» қимылды ойыны Мақсаты: орнында секіру жаттығулары; ептілікті, қимылдарды үйлестіруді, зейінді дамыту. (Дене шынықтыру + математика) Баспа ойындары «Орманда не өседі?» Мақсаты: орман және бақша өсімдіктері туралы білімді бекіту. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту) | дамыту; балалардың шеңбер, шаршы, тіктөртбұрыш туралы білімдерін бекіту; зейінді, көзді, табандылықты дамыту. (Математика + қоршаған әлеммен танысу) «Кім кетті?» қимылды ойын Мақсаты: зейінді, тапқырлықты, жетіспейтінді тез таба білу қабілетін дамыту. (Дене шынықтыру + математика) «Телефон» театрландырылған ойыны Мақсаты: қиялды, диалогтық сөйлеуді дамыту. (Шығармашылық + сөйлеуді дамыту) | жалғастыру. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту) «Айырмашылықты тап» қимылды ойыны Мақсаты: зейінді, есте сақтауды, сигнал бойынша әрекет ету қабілетін дамыту. (Дене шынықтыру + математика) «Арқан» театрландырылған ойын Мақсаты: өз денесін меңгеру дағдысын жетілдіру, қол мен аяқтың қимылын еркін және қысылмай пайдалану; қарапайым бейнелі-экспрессивті дағдыны бекіту (Музыка + сөйлеуді дамыту) |
| Ертеңгілік жаттығу | Кешенді жаттығу | Кешенді жаттығу | Кешенді жаттығу | Кешенді жаттығу | Кешенді жаттығу |
| ҰІӘ дайындық | «Жақсы деген не, жаман деген не?» Мақсаты: балаларда басқалармен қарым-қатынастың моральдық нормалары туралы идеяларды қалыптастыру; ұжымда достық, достық қатынастарды дамыту. (Қоршаған ортамен танысу) | Әңгіме «Анам, әкем және мен – тату отбасымыз!» Мақсаты: «Отбасы», «махаббат», «туысқан» ұғымдарын білуді бекіту. (Қоршаған ортамен танысу) Дидактикалық ойын «Мейірімді сөздердің тізбегі» Мақсаты: сөздікті байыту (сөйлеуді дамыту) | «Мені еркелетіп айт» этюд Мақсаты: балаларды әртүрлі мейірімді есім түрімен таныстыру; бір-біріне оң көзқарас қалыптастыру (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту) | «Ойлан, тап» ойын жаттығуы Мақсаты: балаларды белгілері мен сипаттамалары бойынша тануға үйрету. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу) | «Смайлик» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларды әртүрлі эмоция көрінісімен таныстыру; оларға адамның бет әлпеті бойынша негізгі эмоцияны ажырата білуге үйрету. (Қоршаған әлеммен танысу) |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Дидактикалық ойын: «Сөздің бірінші дыбысын ата»*<br>Мен сендерге сурет көрсетем, сендер суретті атап бірінші дыбысын анықтап айтасыңдар. Тәрбиеші балаларды екі командаға бөледі, бірінші бір командамен содан кейін екінші командамен ойнайды.Мысалы: апельсин (а), оқтау (о), ұя (ұ), ыдыс (ы), уық (у), әткеншек(ә), өрмекші(ө), ешк(е)і,элеватор(э), ірімшік(і), ине(и), үтік(ү), арыстан(а), оймақ(о), ұлу(ұ), әтеш(ә), өшіргіш(ө), етік(е), экскаватор(э), ілгіш(і), ит(и), үкі(ү) т.б.<br>Дауыссыз дыбыстарға сөздер: пима (п), фабрика (ф), кілт (к), киіз (к), қант (қ), тышқан (т), шымшық (ш), сақина (с), хат (х), циркуль (ц), щетка(щ), күрек(к), трактор (т), сағыз (с), тау (т), қайшы (қ), қамшы (қ), парта (п), шар (ш), сиыр (с), су (с), қап (қ )т.б<br>Мақал-мәтел<br>1. Өнерлі өрге жүзеді.<br>– Мақалдың мағынасын қалай түсінесіңдер?<br>Жұмыс дәптеріменжұмыс<br>1.Суреттен дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді ата. Балалар не істейді? Сызба бойынша сөйлем құра.<br>*-Домбыра, жүзу, гүл, бояу, доп, жапырақ.*<br>*-Шахмат, сурет, көбелек, футбол, тау, тақия, қақпашы,* | – Спортшыларды кім жаттықтырады? *(Жаттықтырушы)*<br>Төсектен тұрғанда,<br>Секіріп тез тұрма.<br>Келтіріп денеңді,<br>Жадыра, бос тұрма.<br>«Сөйлемнің қатесін тап» сөздік ойыны<br>Тәрбиеші сөйлемді бұзып айтады, ал балалар сөйлемнің қатесін тауып айтады.<br>–Командада біздің жарыс жеңді. *(Жарыста біздің команда жеңді)*<br>–Қоңыз Асанды тауып алды. *(Асан қоңыз тауып алды)*<br>–Диван мысықта ұйықтап жатыр. *(Мысық диванда ұйықтап жатыр)*<br>–Қоянның үйінде Айнұр бар.*(Айнұрдың үйінде қоян бар)*<br>–Елжас араны шағып алды.*(Ара Елжасты шағып алды)*Жұмбақ шешейік.<br>Жерге тимей жотасы,<br>Атанған күш атасы<br>Айбаттыны кім дейді,<br>Қайраттыны кім дейді? *(Палуан)*<br>**2.Математика негіздері**<br>Міндеттері: Бүтін мен бөлікті салыстыру<br>Тақырыбы:Бүтін және бөлік<br>Ойындық жағдаят. «Аспаздар». Әлия мен Сырым алжапқыштар мен аспаз қалпағын «киеді».<br>Тәрбиеші сарғыш түсті | Мысалы: *алма (қызыл), тон (жылы), мысық ( сары), тышқан (кішкентай), қасық (темір), жастық (жұмсақ), т.б.* Дидактикалық жаттығу: «Түсіп қалған буынды жалға»<br>–Мен сендерге соңғы буынын айтпай сөздер айтамын сендер түсіп қалған буынды жалғап отырасыңдар. Мысалы: *сауын...шы, асқа...бақ, таңқу...рай, құлпы...най* т.б.<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс<br>1.Дүкендегі ойыншықтарды ата. Сөздер қандай дыбыстан басталып тұр?*(Зымыран, ро бот, ғарышкерлер, қоян, мы сық, түйе, керік, секіртпе, мүйізтұмсық, арыстан, скейт, ұшақ, доп, қуыршақ тар, мәшине).*<br>Зымыран – з –дауыссыз дыбыс.<br>Робот – р –дауыссыз дыбыс.<br>Ғарышкерлер - ғ –дауыссыз дыбыс.Қоян - қ –дауыссыз дыбыс.Мысық - м –дауыссыз дыбыс.Түйе - т – дауыссыз дыбыс. Керік - к –дауыссыз дыбыс.Секіртпе – с – дауыссыз дыбыс.<br>Мүйізтұмсық - м –дауыссыз дыбыс.Арыстан - а –дауысты дыбыс.Скейт - с –дауысссыз дыбыс.Ұшақ – ұ –дауысты дыбыс.Доп - д – дауысты дыбыс.Қуыршақтар - қ– дауыссыз дыбыс.Мәшине – м – дауыссыз дыбыс.<br>–Суреттегі балалар қандай | Қыста суық, ал жазда ... *(ыстық)*<br>Гантель ауыр, ал мамық ... *.(жеңіл)*<br>Түнде қараңғы, ал күндіз ... *.(жарық)*<br>Жігіт мықты, ал қыз ... . *(нәзік)*<br>**2. Математика негіздері**<br>Міндеттері: Қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу<br>Тақырыбы:Заттың бірнеше тең бөліктері<br>Тақтаға геометриялық фигура лардың бөліктерінен жапсыру іліп қояды.<br><br>Жапсыруға талдау жаса.<br>Жапсыруда не көрдің?<br>Саңырауқұлақтың қалпағы жасалған фигураны қалай атаймыз?Дөңгелек бөліктерге бөлінді. Бұл бөлік – дөңгелек тің жартысы. Біз фигураларды екіге бөлуді үйренейік, ол үшін дөңгелектің шеттерін тұстас тырып мұқият бүгу керек.<br>Тәрбиеші балаларға түрлітүсті қағаздан төртбұрыштар, дөңге лектер, сопақшалар таратады.<br>Практикалық жұмыс. Тәрбиеші балаларға қызыл және жасыл дөңгелектерді көрсетеді.Фигура лар қалай аталады?Дөңгелектер<br>Қызыл дөңгелекті алып, оны екіге бүктеп, кесектерін қиып, бір-бірінің үстіне қойып, бөлік | қосуларың керек.Мысалы: Әкембалғамен шегенің ... *(шегеледі)*.<br>Әжем шұлық ... (*тоқыды*).<br>Көбелек гүлге ... (*қонды*).<br>Бағдаршамда қызыл түс ... (*жанды*).<br>Құрылысшы кірпіш ... (*қалады*).<br>Дәрігер науқасты ... (*емдеді*).<br>Атам газет ... (*оқыды*).<br>Балалар далада ... (*ойнады* ).<br>Әпкем ыдысты ... (*жуды*).<br>Ағай күй ... (*тартты*).<br>Дидактикалық ойын: «Сөйлемді толықтыр»*Мақсаты:*Сурет бойынша сөйлемдерді құрауға, жай сөйлемдерді толықтыруға үйрету.*Көрнекілігі:* «Аулада» тақырыбындағы мазмұнды сурет.<br>*Мазмұны:* Тәрбиеші балаларға суретті көрсетіп, жай сөйлемді құрап айтады, мысалы: *Әсем ойнап жүр.*Балалар сөйлемді қайталап, бір-екі сөзді қосып айтады, мысалы: *Әсем аулада ойнап жүр.*Келесі бала тағы бір-екі сөзді қосады. *Әсем аулада досымен ойнап жүр.*<br>Дидактикалық ойын: «Көп-аз»<br>Тәрбиеші: -Мен сендерге сөзді көпше түрінде айтамын да допты лақтырамын, допты қағып алған бала сол сөздің жекеше түрін айтады да допты кері лақтырады.<br>Мысалы: *балықтар – балық, еріктер – керік, алмалар – алма, гүлдер – гүл, ағаштар - ағаш, қоңыздар – қоңыз, ұлулар – ұлу, орындықтар – орындық, тарақтар – тарақ* т.б. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *шырша, циркте гідей.* – *Микрофон, раушан гүл* –<br>Сызба бойынша сөйлем құра.<br>2.Суреттерді ата. [ Ш ] дыбысының орнын анықта. Сөздің басында болса – бірінші бөлікті, ортасында болса – екінші бөлікті, соңында болса – үшінші бөлікті көк қарындашпен боя.<br>**2.Математика негіздері**<br>Міндеттері: Қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу,олардың пішіндерін анықтау.<br>Тақырыбы:Фигуралар мен денелер<br>«Шындық немесе жалған» дидактикалық ойыны.<br>Ойын шарты: егер айтылған ақпарат дұрыс болмаса, онда балалар қолдарын айқастырады немесе бастарын шайқайды. Егер дұрыс болса, олар алақан дарымен қол шапалақтайды.<br>Тәрбиеші зат пен форманы атайды. Мысалы, «доп дөңгелек», «қорап доп тәрізді».<br>Геометриялық фигуралар «Неге ұқсайды» ойыны.Заттар дың суреті салынған карточка ларды зат пішіндес фигураға қой. Тақтада балалар фигура ларды, заттарды қарап, ұқсас тықтар мен айырмашылықтар ды табады, карточкалардағы тапсырмаларды орындайды.<br>Мысалы: | дөңгелекті алып, оны екіге бөледі.Әлия апельсинді екіге бөледі. Апельсиннің әр бөлігін қалай атаймыз? (Жарты.)<br>– Ал егер екі жартысын біріктірсек, не аламыз? (Тұтас немесе бүтін апельсин шығады. Барлығы біріктіріледі.)<br>– Әлия апельсинді қанша бөлікке бөлді? Қайсысы бүтін немесе бір бөлігі?Бөлшектерді қалай алуға болады? (Бүтіннің бөліктерін қосыңыз.)<br>– Сырым апельсинді 4 тең бөлікке бөлді. Бұл бөліктер ширек деп аталады. – Егер біз ширек бөліктерді біріктірсек, не аламыз? (Тұтас, бүтін.)<br>-Сырым апельсинді қанша бөлікке бөлді?<br>Қайсысы артық жартысы немесе төрттен бір бөлігі?<br>2 немесе 4 саны?<br>Практикалық жұмыс.<br>Тәрбиеші пиццаны немесе бәлішті алдымен екіге, содан кейін 4 бөлікке кесуді ұсынады. Бөлшектерден тұтасты қалай шығаруға болады?Қорытынды:бөлшекте рден бүтін алу үшін бөліктерді біріктіру немесе қосу керек.<br>Балаларды топтарға бөледі. Әр топқа 1 геометриялық конструктор: Үлгі бойынша балалар суреттер немесе ою-өрнектер салады.Фигуралар дың бөліктерін атап, басқалар ға көрсетеді. Дәптермен | ойыншық таңдайды, ал сен қандай ойыншық таңдар едің?Суреттерді ата. Тиісті дыбыстық сызбамен қос. Дыбыстық талдау жаса.<br>*Шеге* сөзінің дыбыстық талдауы.Жұмыс дәптерімен жұмыс *(графикалық жұмыс)*<br>Нүктелердібастыр, боя.<br>Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>Міндеттері:Сахналық қойы лым дарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастама шылық пен дербестік танытуға ынталандыру<br>Тақырыбы:Қайтпай қалған қарлығаш<br>Қазіржылдың қай мезгілі?<br>Бүгін ауа райы қандай? Бұлтты ма, ашық па?Қыс мезгілінде қандай құстарды көресіңдер? Ал қандай құстар жылы жаққа ұшып кетеді?<br>Егер сенде сиқырлы таяқша болса,құстарға қалай көмек тесер едің?Адамдар, аңдар, құстар – барлығы да қысқа дайындалады.Кейбір құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Соның бірі қарлығаш. Бүгін біз қарлығаш туралы автор Тайжан Тойбазарұлының «Қайтпай қалған қарлығаш» әңгімесімен танысамыз.<br>Сөздік жұмысы: *дәрменсіз* – әлсіреген, жараланған.*биікке самғау* – биікке көтеріліп ұшу*қора* – мал қамайтын | тердің сәйкес келетіндігін көрсетеді.Мен дөңгелекті қандай бөліктерге бөлдім? Тең.<br>– Дөңгелектің неше бөлігі шықты? (Екі.)<br>– Бұл бөліктер «жарты»деп аталады.<br>-Мен дөңгелекті қандай бөліктерге бөлдім? (Тең.)<br>– Дөңгелектің неше бөлігі шықты? (Төрт.)<br>– Бұл бөліктер «ширек» деп аталады.<br>Балаларға уақыт береді және ширек бөлігін қиып жасауға көмектеседі. Балалар қияды. Қайталаңыз: төрттен бір.<br>Тәрбиеші қоңыр кесіндіні алады.Оны 3 тең бөлікке бүктейді, кеседі және бөліктер дің сәйкес келетіндігін көрсете отырып, бірінің үстіне бірін қояды.Мен кесіндіні қандай бөліктерге бөлдім? (Тең.)<br>Қанша бөлік шықты? (Үш.)<br>Бұл бөліктер «үштен бір»деп аталады.Уақыт береді және кесінділерді 3 тең бөлікке қиюғакөмектеседі. Балалар қиып тастайды. Қайталаймыз: үштен бір.(жарты, төрттен бір, үштен бір). «Дөңгелекті бүкте» дидактикалық ойыны.<br>Кесілген бөліктерден дөңгелек ті жинауды сұрайды.Оның бөліктерінен тұтас фигураны жаса.Балалар фигураны бөлік терге бөліп, оны бөліктерден құрастыруға болады деген қорытынды жасайды.Жарты | Жұмыс дәптеріменжұмыс<br>Суреттегі ойын түрлері н ат<br>Сөздерді буынға бөл. Ойы<br>атауларын қатыстырып, сөйле<br>құра, сызбасын сыз.<br>(«Мысық-тышқан», әт еңіле<br>асық, батпырауық, сы рғана<br>доп).Суреттерді ата. [ П<br>дыбысының орнын анық<br>Сөздің басында болса – бірін<br>бөлікті, ортасында болса – екін<br>бөлікті, соңында болса – үшін<br>бөлікті көк қарындашпен боя.<br>**2. Көркем әдебиет**<br>Міндеттері:Белгілі о браз<br>сомдауда эксперимент ж асау<br>түрлендіруге мүмкіндік бе ру<br>Тақырыбы:Кітап-білім бұл ағы<br>Жұмбақ жасыру.<br>Көп әңгімем,өлеңім,<br>Күндеақыл беремін.<br>Жақсы көрсе мені кім,<br>Менде оны жақсы көремін<br>*(Кітап)*<br>Балалар, кітап турал ы<br>білесіңдер?<br>Кітап – ақылды серігің досың<br>Кітап жақсылыққа үйрете<br>жамандықтан жирендіре<br>Кітаптың әр беті тұнып тұрған<br>ақыл. Кітаптан біл меген<br>білесің, көрмегенді көресің<br>күлесің, қуанасың. Кітап<br>адамзаттың ең асыл қазынасы.<br>Кітапты көп оқыған, күт<br>ұстаған баланы барлық адам<br>жақсы көреді.Бүгін біз ақын<br>Жеңіс Қашқыновтың «Кітап<br>білім бұлағы» өлеңімен<br>танысамыз. Кітап – білім бұлағы |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | <br>Тәрбиеші көлемді фигуралардан (денелерден) жасалған мұнара қолөнерін қарауға шақырады.Олар құралған геометриялық денелер қалай аталады? Балалар қолөнерді зерттеп қарайды, денелерді текше, доп, цилиндр деп атайды. Өз қолөнеріңді жаса. Балалар өз қолөнерін үлестірмелі материалдан жасайды.<br>Дәптермен жұмыс.<br>1-тапсырма.Жануарлардың фигураларына қара. Жапсырмаға қандай фигуралардың пайдаланылғанын ата. Сопақшалар пайдаланылған фигураларды қоршап сыз.Үстел үстінде жапсырмаға арналған фигуралар салынған конверттер.<br>2-тапсырма. Шарды, текшені және цилиндрді тап. Шарды қызыл түспен, текшені көк түспен, цилиндрді сары түспен боя.3-тапсырма. Әр суреттің оң жақ жоғарғы бұрышындағы фигураны көк түспен, сол жақ төменгі бұрышындағы фигураны қызыл түспен, ортасындағыны сары түспен боя.<br>4-тапсырма. 1-ден 9-ға дейін цифрларды ретімен сызып қос. Не пайда болды? (Жұлдызша шықты!)«Сиқырлы алаң» | жұмыс. 1-тапсырма. Заттарды ата. Әр заттың қандай бөліктері бейнеленген? Оларды көрсет. Апельсиннің қандай бөліктерін көріп тұрсың? Шаршының бөліктеріне қара. Шаршы пішінді қағаз алып, осындай бөліктерге қи. Шаршы жинап көр. Балалар заттарды атайды.Бүтіннің бөліктерін көрсетеді. Қай суретте бұл заттар бірдей?Олар нешеу?Суретті паздлар тұтас па? Оның барлық бөлшектері бірдей ме? Олар қалай ерекшеленеді?Апельсин тұтас па? Оны тең бөліктерге бөлуге бола ма? (Мүмкін.) Ал суретте тұтас апельсиннің барлық бөліктері бар ма? (Жоқ.) Оларды тең бөліктер деп айта аламыз ба? (Жоқ.)<br>Паровоз вагондарды алып жүреді. Біз олардың қанша екенін санайық. Осы вагондарды алып жүретін паровоздан кейін бірден сол жақтан бастайық.Балалар санайды. (10)Барлық вагондар бірдей ме? Пішіні, өлшемі, түсі бойынша? 10 вагонды пойыздың бүкіл құрамы деп айтуға болады.Текшелер жиынтығы тұтас. Жиынтықта қанша текше бар? Олар бірдей ме? (Пішіні мен өлшемі бірдей, түсі әртүрлі.)<br>– Жиынтықтағы текшелерді сана.Шаршының бөліктерін қара. Төртбұрышты қағазды | орын, жай.Әңгіме мазмұны бойынша *сұрақ-жауап:*<br>Әңгіме не туралы?<br>Әңгіме қалай аталады?<br>Бала қарлығашқа неге таңданды?Әңгімедегі баланың аты кім?Қарлығашты көрген Асан атасына не деді?<br>Асан қарлығашқа қандай қамқорлық жасады?<br>Қарлығаш балаға ризашылығын қалай білдірді?<br>Құстар біздің досымыз,<br>Біз қамқоршы боламыз.<br>Құстарға ұя саламыз,<br>Жем-су беріп бағамыз.<br>жұмбақ жасырады.<br>Шарлап жүріп даланы,<br>Үйіне ұясалады. *(Қарлығаш)*<br>Үлестірмелі материалмен жұмыс .<br>Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген?<br>Қыста табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>Бала қайда келді? Нені көрді?<br>Қарлығаш қандай құс?<br>Қайсысы артық? Неге? Құстарды ата.Қарлығашты үзік сызықтармен ұясына жеткіз.<br>Қарлығаштың суретін аяқтап сал. Боя.<br>**3.Шығармашылық іс-әрекет**<br>Міндеттері:<br>Құрастыру: Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.<br>Сурет салу: Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», | шаршы жасауға тырысып көр. Мұны қалай жасауға болады? (Шеттерін сәйкестендіру үшін шаршыны екі рет бүкте.) Содан кейін 4 бөлікке бөліп. Төрттен бір бөлігін алу үшін шеттері сәйкес келетін етіп қайтадан жартысын бүктеу керек.Қорытынды жаса, тең бөліктер бір-біріне қабаттасқан кезде сәйкес келеді және олардың атауы бар. (Жарты, төрттен бір.)Шаршының жартысын қиғанкезде қандай фигура шықты?(Екі кішкентай тіктөртбұрыш.)<br>– Ал шыршының төрттен бір бөлігі? (Шаршылар, бірақ кішкентай.)Жартысы тең екенін тексерейік. Оларды бір-бірінің үстіне қой. Фигуралар сәйкес келді ме? Дұрыс, бұл біздің фигурамыздың тең бөліктері.<br>Жарты мен төрттен бір бөлік тен тұтас шаршы фигурасын құрастырайық. Топтық жұмыс.<br>Балалар санамақтың көмегімен топтарға бөлінеді.Әр топқа 1 геометриялық конструктор беріледі. Үлгі бойынша балалар суреттер немесе ою-өрнектер салады. Фигуралардың бөліктерін атайды, басқаларға көрсетеді. Проблемалық сұрақ: Қайсысы үлкен, бүтін немесе бөлік?Балалар талқылайды, бүтін бөліктерден үлкен,деп жауап береді.<br>Дәптермен жұмыс.<br>1-тапсырма. Бүтін мен бөліктің | Жақсы әңгіме, өлеңді<br>Әрбетінен табамын,<br>Мол қызыққа батамын.<br>«Кітап – білім бұлағы»<br>Деген сөзі атамның<br>Есімде ылғи тұрады.<br>*(Ж. Қашқынов)*<br>Сөздік жұмысы: *білім бұлағы* – кітаптан білім нәрін аламыз<br>Өлең мазмұны бойынша *сұрақ-жауап:* Өлең қалай аталады? Авторы кім?Өлеңде не туралы айтылған?Кітап арқылы біз нені үйренеміз? Кітапты ашқанда, ішінен нені көреміз?<br>Кітап – сенің қазынаң,<br>Кітап – сенің жан досың.<br>Біліміңді асырар,<br>Кітап – сенің бақ құсың.<br>Үлестірмелі материалмен жұмыс<br>Суретте не бейнеленген?<br>Балалар қайда келді?<br>Балалар қандай кітаптарды<br>Қалай оқып отыр?Ата.<br>Суретті аяқтап сал. Кітапты өзің қалаған суретпен безендір.<br>Жұмбақтың шешуі болатын суретті белгіле.<br>**3. Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Міндеттері: Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу.<br>Тақырыбы:Кеңістікті бағдарлау<br>«Дұрыс қимылдар» ойыны<br>А. Абдрахманның өлеңін оқиды.<br>Мысықай өрлеп ақырын,<br>Басына шықты сатының:<br>– Мияу, мияу! (Дауысы жіңішке |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дидактикалық ойыны.<br>Топтық жұмыс.Балаларсанамақтың көмегімен топтарға бөлінеді.Үлестірмелі материал.<br>– Егер фигураның айналасына оған ұқсас заттарды жинасаң, онда шаршы бейнесі шығады!<br><br>**3.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Міндеттері: Табиғаттағы маусымдық құбылыстар арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну<br>Тақырыбы:Табиғаттағы маусымдық құбылыстар<br>Ойын «Төрт мезгіл дауыстары»<br>Тіл ұстарту жаттығулары<br>Табиғатта үнемі өзгерістер болып тұрады: бірде қар жауады, бірде жаңбыр жауады, бірде күн ашылады, бірде аспанды бұлт жабады. Бұлардың барлығын табиғат құбылыстары деп атайды.<br>Табиғат құбылыстары – адамның еркіне қарамастан табиғатта болатын өзгерістер.Көптеген табиғат құбылыстары жыл мезгілдерінің ауысуымен байланысты, сондықтан оларды маусымдық деп атайды.<br>Маусымдық құбылыстар қандай табиғатқа жатады?<br>Жансыз табиғатқа. Жансыз табиғат құбылыстары:найзағай, кемпірқосақ, жаңбыр, тұман, дауыл т.б.<br>1-слайд. Интербелсенді | осындай бөліктерге кес.<br>Шаршыны бүкте,қағаз шаршыларын тарату.Шаршының жартысын, төртінші бөлігін қалай басқаша атауға болады? (Жартысы, төрттен бір бөлігі.)<br>Сондай-ақ, тең және тең емес бөліктерге бөлінген суреттерді таратуға болады. Бөліктерді санайды.Балалар барлық фигураны бөліктерге бөлуге болады, деген қорытынды шығарады. Бөліктерден бүтін дене құрастыруға болады.<br>«Дұрыс ата» ойын жаттығуы.<br>Мен суретті көрсетемін, оны бөлік немесе бүтін деп атайсыңдар. Тәрбиеші көрсетеді: тұтас алма, текшелер жиынтығы. Әрі қарай бөліктерді көрсетеді:жартысы мен төрттен бірі.<br>2-тапсырма. Бүтін мен бөлікті саусағыңмен қоршап көрсет.<br>Алма қандай бөліктерге бөлінген? (Жоғарыда алма екі бөлікке, төменде төрт бөлікке бөлінген).Алманыңжартысын, төртінші бөлігін қалай басқаша атауға болады? (Жартысы, төрттен бір бөлігі.)<br>Ал егер бұл бөліктердібіріктірсе, не болады? (Тұтас,бүтін болады.)Суретте алманың төрт ширегі бар. Біз оларды саусағымызбен дөңгелектеп белгілейміз: бірге бұл тұтас алма. Бір ширегі алынып тасталды. Үш бөлік қалды.<br>3-тапсырма.Бәліштің бөлік | «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл» және т.б.) туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту.<br>Мүсіндеу: Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу.<br>Жапсыру: Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сынарлы симметриялы, сұлбалы) қолдану<br>Тақырыбы:Дауылпаз<br>Жұмбақ жасыру .<br>Сызылған үні, Сүйкімді тілі. Үрлесең ойнайтын, Аспаптың бірі.(Сыбызғы)<br>Бір нәрсе қараңғыда қаймалайды,<br>Азынаса көмейінде мал жылайды.<br>Құйрығын қара жерге тіреп алып,<br>Келеді баяғының әнін салып.<br>(Қобыз)<br>Жеті ішектен жеті түрлі үн шығар, Әуезінен жеті тарау мұң шығар. Ойнап кетсең, түрлі-түрлі жыр шығар, Қандай аспап табуға кім құлшынар? (Жетіген)<br>«Таны және ата» | үстінен саусағыңмен жүргіз.<br>Оларды ата.Тәрбиеші балаларға саусағымен дөңгелектің жиегімен жүріп:дөңгелектің бір бөлігін,жартысын, төрттен бірін, үштен бірін дұрыс көрсетуге көмектеседі.<br>Қарбыз қандай бөліктерге бөлінген? (Тең.)Олардың саны қанша? (Екі бөлік.)Қарбыздың бір бөлігін қалай атауға болады? (Жарты.)<br>Алма қандай бөліктерге бөлінді? (Тең.)Олардың саны қанша? (Төрт бөлік.)<br>Алманың бір бөлігін қалай атауға болады? (Төрттен бір.)<br>Шоколад қандай бөліктерге бөлінген? (Тең.)<br>Олардың саны қанша? (Үш бөлік.)<br>Шоколадтың бір бөлігін қалай атауға болады? (Үштен бір.)<br>Тәрбиеші сөздерді қайталатады: бүтін, жарты, төрттен бір, үштен бір.<br>2-тапсырма. Қандай бөлігі жетіспейді? Суретті аяқтап сал.Штрихтауды орында. (Жартысы.)<br>3-тапсырма. Фигуралардың бөліктерін бүтінге біріктір.<br>Тапсырма логикалық ойлау мен зейінді дамытуға арналған.<br>Талқылайды, жартысын, төрттен бірін табады, түсі бойынша қай бөліктерді немен байланыстыру керектігін анықтайды.<br>4-тапсырма.Жалғастыр.<br>Моншақтарды бастырып сыз. | шығады).<br>Жіңішке үнмен жырлайды.<br>Анасы оны тыңдайды:<br>– Мияу, мияу!<br>Анасы отыр төменде,<br>Тышқанды аңдып, елеңдеп:<br>– Мияу, мияу! (Дауысы жуан шығады).<br>Мысықай оны ұғады:<br>– Мияу, мияу!<br>Өлеңдене туралы айтылған? Мысық пен мысақай туралы. Мысықай деген не?<br>Мысықай, марғау – мысықтың баласы. Мысықай қайда шықты? Жоғары, сатының басына шықты. Анасы төменде, тышқан аңдып отыр.Кеңістікті бағдарлау дегеніміз – заттардың, адамдардың арақашықтықтарын, өлшемдерін, пішіндерін, өзара орналасуын және олардың адамға қатысты орналасуын анықтау.<br>Суретте саябақ бейнеленген. Саябақта ағаштар өсіп тұр, демалатын орындықтар тұр, мысық күнге қарап, маужырап отыр, құстар ұшып барады, жолдың шетінде гүлдер өсіп тұр.Суреттің жоғары жағындағы, ортасындағы, жолдың оң және сол жағындағы, мысықтың орналасқан жерлерін анықтаймыз.<br>Суреттің жоғары жағында құстар, Күн, бұлт орналасқан, суреттің ортасында жол жатыр, мысық орындықтардың ортасында отыр, жолдың оң жағында раушан гүлдері өсіп тұр, сол жағында түймедақ гүлдері өсіп |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тақтадан әртүрлі ауа райы көрсетіледі (шуақты күн, жаңбырлы, бұлыңғыр, желді, аязды, ашық, нөсер жаңбыр, найзағай жарқылдауы, қар аралас жаңбыр, көктайғақ).<br>2-слайд. Ауа райын болжап, бізге хабарлап отыратын мамандар метеорологтер деп аталады. Олар ауа райын болжайды. Мына құрылғылар термометр, флюгер деп аталады. Термометр ауаның температурасын өлшейді. Флюгер желдің бағытын анықтайды. Балалар, бізге ауа райын білу не үшін қажет?<br>3-слайд. Қандай мамандарға ауа райын білу өте қажет? Автобус, мәшине жүргізуші леріне, алыс жолға шығатын жолаушылар көліктеріне, ұшқыштарға, кемелерге өте қажет. Ерте заманда, ауа райын болжайтын мамандар болмады. Халық ауа райы белгілеріне қарап, жан-жануарлардың мінез-құлқына қарап, болжам дар арқылы ауа райының қандай болатынын біліп отырған.<br>«Суреттерге қарап, болжам жаса» ойыны. «Төрт мезгіл – төрт құбылыс» ойыны. Маусым дық құбылыстарды сипаттау: *Қыста қар жауып, күн суытады. Өзен-көлдерді мұз басады, қыста күн ерте батады. Қар жауады, қарлы боран соғады, аязды күндер* | терін тап. Оларды ата. Бөлік тердің қайсысы үлкен.Салыс тыр. 4-тапсырма. Штрихтау ды көрсетілген бағытта орында.<br>**3.Қазақ тілі**<br>Міндеттері:Тілдің грамма тикалық құрылымы.Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру.<br>Тақырыбы:Ұлттық ыдыстар<br>Ойын: «Мен не істегенімді айтпаймын, көрсетемін». Тәрбиеші жаттығу жасау, тамақ ішу, ән айту, биеу, сурет салу, ұйықтау қимыл мен көрсетеді, балалар не істегенін айтады.<br>Ойын: «Сиқырлы қоржын». (Ішінде кесе, қасық, тәрелке). Балалар таныс заттарды атайды, сұрақтарға жауап береді.Қандай кесе? Неше кесе? Түсі қандай? Қандай қасық? Қандай тәрелке? (Үлкен, кішкентай).Қоржын ның екінші жағынан ұлттық ыдыстарды алып, жаңа сөздермен таныстыру, ұлттық ыдыстар туралы қысқаша мағлұмат беру.<br>–Мынау – торсық.<br>–Мынау не?<br>–Торсық теріден жасалады.<br>–Торсық неден жасалады? | дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: қазақ халқының ұлттық аспаптары туралы білімді ойын барысында игереді.Ойын ережесі: Балаларға слайд арқылы аспаптардың түрі көрсетіліп және үні, дыбысын тыңдау.<br>«Дауылпаз» аспабы туралы әңгімелеу.Дауылпаз ұрып ойналатын музыкалық аспап. Халық тұрмысында кең қолда нылады.Жаугершілік кезде дабыл қағып белгі беру үшін кеңінен қолданылған. Ол тұтас ағаштан ойылып жаса лады. Бет шанағы терімен қапталып, иыққа асу үшін қайыстан арнайы бау тағы лады.Үлестірмелі материал дағы дауылпаздың құрылы сына талдау жүргізу: Дайын дауылпаз музыкалық аспабы үлгісін ою-өрнекпен безен діру жолдарын түсіндіру. Қағазды екі бөлікке теңдей қатпарлап бүктеп, «қошқар мүйіз» оюын қию. Дайын кесілген оюды дауылпаз аспабына орналастыру.<br>«Алақан, үш саусақ, жарайсың» ойын жаттығуы.<br>Балалар шығармашылы ғы.<br>Балалар шашылып жатқан музыкалық аспаптардың суреттерін алып, жалпы және ұлттық музыкалық аспап тарды ажыратып екі шеңбер ішіне орналастырады.<br>**4.Дене тәрбиесі** | Боя.Моншақтардың түсі мен орналасуы бойынша олар үлгіні жалғастырады, моншақтар бастырып сызылады, боялады.<br>**3.Қазақ тілі**<br>Міндеттері: Байланыстырып сөйлеу. Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.<br>Тақырыбы:Ыдыс-аяқ дүкені<br>Демонстрациялық суретпен жұмыс.<br>–Мынау қандай дүкен?<br>–Ыдыс – дүкені.<br>– Дүкенде қандай ыдыстар бар?<br>Балалар таныс ыдыстарды атап, көрсетеді. Жаңа сөздермен таныстыру.Дүкенде қазан бар. Мынау – қазан.*Мынау ... қазан* сөзін айтып жаттығады. Дүкенде не бар?Дүкенде қазан бар.<br>– Мынау – аққұман. Мынау – ... аққұман.<br>Аққұман – ыдыс. Дүкенде не бар?Дүкенде аққұман бар.<br>Сюжеттік ойын: «Дүкен»<br>Балалар кезекпен дүкенге келеді. Тәрбиеші – сатушы.<br>Диалог үлгісі:<br>–Сәлеметсіз бе!<br>–Сәлеметсіз бе!<br>–Кесе беріңізші.<br>–Қандай кесе?<br>–Үлкен, екі жасыл кесе.<br>–Міне, кесе алыңыз.<br>–Рақмет. Сау болыңыз. | тұр.Гүлдердің өсіп тұрған жерін айтыңдар.<br>Тәрбиеші балаларды санамақ бойынша екі топқа бөліп, бір топ жолдың оң жағына орналасқан нәрселерді ғана, ал екінші топ сол жағына орналасқан нәрселер ді атауды ұсынады.Тақтадан Қырағы бейнесі пайда болады, ол суреттер арқылы «таудың етегінде» деген сөздің анықта масын табуды ұсынады, балалар таудың етегі – таудың төмен жағы екенін дәлелдейді.<br>«Футбол» ойыны . Шарты: кеңістіктік қатынастарды білдіре тін сөздер қолдануы қажет. Үлгі:<br>1. Сары түс ортасында орналас қан зат, көшеде тұрады. Шешуі: бағдаршам.<br>2. Ол – үй жануары, Жылы жерде ұйықтағанды жақсы көреді (мысық).<br>3. Ол заттың тұмсығы бар, төбесінде қақпағы бар, ішіне су құйып, қайнатады (шәугім).<br>4. Адамның жоғары жағындағы дене мүшелері (бас, шаш, мойын, қол т.б.).<br>Екінші топқа бірінші топқа кеңістіктік қатынастарды білдіретінсөздерден сөйлем құрауды ұсынады. Үлгі: Үйдің жанында гүл өсіп тұр. Айгүл Сәлиманың оң жағында тұр. Қуыршақ мәшиненің артында тұр. Кітаптар жоғары сөреде орналасқан.<br>«Жанында, астында, үстінде, оң жақ, сол жақ» ойыны Енді өз |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Суретті жинау» ойыны<br>Балаларға суреттің кесілген бөліктері таратылады. Балалар суретті жинап, бүкіл суреттің қанша бөліктен тұратынын атауы керек.<br>**3.Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Міндеттері: Себеп-салдарлық байланыстарды ажырату<br>Тақырыбы:Коректену тізбегі<br>Балалар, бүгін біз орманға серуенге шығамыз.Орманның үлкен суреті ілінеді. Балалар сурет бойынша орманды сипаттайды.Орманда қандай ережені сақтау керек?Орман да аңдарды үркітпеу үшін, тыныштық сақтау керек.<br>Орманда түрлі жануарлар мекендейді.Біз бүгін орман дағы тіршілік иелерінің бір-бірімен байланысы туралы әңгімелейміз. Жануарлар немен қоректенеді? (Жануарлар өсімдіктермен, жәндіктермен, кейбіреулері өзінен әлсіз жануарлармен қоректенеді). Қандай жануар лар өсімдіктермен қорек тенеді? Қандай жануарлар жәндіктермен қоректенеді<br>Ойын: «Жануарларды атап, топқа бөл» «Жапалақ» әңгімесін оқу: «*Бір күні ата жапалақты ренжітіп қояды. Жапалақ ашуланып, оған енді қайтып тышқандарды аула майтынын айтады. Ата бұған мән бермейді. Жапалақ* | -Нан беріңізші.<br>-Қандай нан?<br>-Ақ нан.<br>-Міне, нан, алыңыз.<br>-Рақмет. Сау болыңыз.<br>Балалар үлгі бойынша диалог құрайды.Жұмыс дәптерімен жұмыс.<br>Тағамдарды ата. Сұраққа жауап бер. Сен не жедің? Не іштің? Сөйлем құра.*Мен нан жедім. Мен дәмді шырын іштім.*<br>**3.Математика негіздері**<br>Міндеттері:10 көлемін дегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.<br>Тақырыбы:Заттармен әрекет<br>Ойындық жағдаят.Әлия мен Сырым балаларды үй жануарларының дүкеніне «баруға» шақырады.Біз балықты таңдауға келдік деп ойланыңыз. Әр топ өз аквариумын толтырады.<br>Топтық жұмыс.Балалар санамақтың көмегімен топтарға бөлінеді.немесе басқа қиылған материалдар) жиынтығын таратады: қызыл және көк.Тапсырма орындалады: | болады.Үлпілдекқар тез ериді, жеңіл, пішіні әртүрлі болады.<br>Ал мұз қатты,жылтыр,тайғанақ, мөлдір әйнек сияқты.<br>Қар ұлпалары неге ұқсайды? *(жұлдыз, гүлге)*<br>Қардың, мұздың түсі қандай?*(қар ақ, мұз түссіз)*<br>Бүгін біз жазушы Нәсіреддин Сералиевтің «Бір атаның ұрпағы» әңгімесімен танысамыз.<br>Сөздік жұмысы: *үлпілдек* – жеңіл,*жұмсақ* – нәзік, мамық<br>*Сұрақ-жауап:*<br>Әңгіменің авторы кім?<br>Әңгіме қалай аталады?<br>Әңгіме не туралы?<br>Қар қандай?<br>Қармен мұздың айырмашы лығы қандай?<br>Қар не деп мақтанды?<br>Мұз қалай мақтанды?<br>Оларға су не айтты?<br>«Бір атаның ұрпағымыз» деген сөзге қар мен мұз неге таңғалды?<br>*Дидактикалық ойын: «Қайсысы ұнайды?»* (баланың ойлау қабілетін дамыту)<br>Шарты:суреттен көрген заттың атын атап, қайсысы ұнайтынын айту. Үлестірмелі материалмен жұмыс .<br>Суретте не көріп отырсың? Жылдың қай мезгілі деп ойлайсың?<br>Жұмбақты шеш.<br>Жылт-жылт етеді,<br>Жылғадан өтеді. *(Су)*<br>Қыста шыны боп қатады,<br>Жылыда су боп ағады. *(Мұз)* | балалардан қай жерде артық, кем немесе тең екенін салыстыруды сұрайды.<br>Дәптермен жұмыс.<br>1-тапсырма. «Дүкен».<br>Киім қандай екі топқа бөлінген? Қанша шалбар, қанша күртеше бар?Сана. Барлығы қанша киім? Қажетті цифрды қоршап сыз.<br>2-тапсырма.Қанша цифр көрсетілсе, әр сөреге сонша доптың суретін сал.<br>3-тапсырма. Себетте қанша жидек бар? Қаншасы себеттің сыртында жатыр? Суретте барлығы қанша жидек болса, сонша нүкте сал.<br>4-тапсырма.Себетте қанша саңырауқұлақ бар? Қаншасы себеттің сыртында жатыр? Суретте барлығы қанша саңырауқұлақ болса, сонша нүкте сал.<br>5-тапсырма. Орналасу заңды лығын сақтап, ары қарай жалғастыр.<br>Тәрбиеші фигураларды,олар дың түсін, өлшемін атауды ұсынады, содан кейін фигура лардың бірінен соң бірі жүру тәртібіне мұқият қарауды сұрайды.<br>«Шапалақта, тапта, есіне!» ойыны. Тәрбиеші 5 цифры бар карточка қояды. Содан кейін ол қолын шапалақтайды немесе 2(3,4) рет ақырын адымдап басады және жетіспейтін мөлшерді шапалақтап немесе аяқпен қадамдар жасап | бермейтін, қолы тар, қытымыр адам.<br>*құлық* – амал, айла<br>Ертегінің мазмұны бойынша *сұрақ-жауап:*<br>Ертегі қалай аталады?<br>Шықбермес Шығайбай қандай адам?<br>Алдаркөсе Шығайбайды алдау үшін қандай құлық ойлады?<br>Алдаркөсе жабықтан сығалағанда не көрді?<br>Алдаркөсе үйге кіргенде, үйдегілер қандай әрекет жасады?<br>Шығайбай Алдаркөседен не туралы сұрады?<br>Алдаркөсе не деп жауап берді? Үлестірмелі материалмен жұмыс.<br>Ертегінің желісін сурет бойынша баянда.<br>Бай немен айналысып отыр?Бәйбіше не істеп отыр?<br>Қызы ненің жүнін жұлып отыр?<br>Ертегі кейіпкерлерінің қимыл-әрекетін, эмоция сын келтір.<br>Алдаркөсенің көңіл күйі қандай? Көрсет.<br>Суретті аяқтап сал. Боя.<br>Мақалдың мағынасын түсініп ал.<br>Берместің асы піспейді,<br>Қазаны оттан түспейді.<br>*«Өз көңіліңмен бөліс» ойын-жаттығуы* |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *тышқан аулағанын қояды, тышқандар көбейіп, барлық табиғатқа зиянын тигізе бастайды. Олар тіпті ара ның ұясына дейін кеміріп тастайды. Аралар жойыла бастайды. Атаның сиыры жайылатын алқапта жоңышқа шөбі өспей қалды. Неліктен?* Өйткені аралар жоңышқаға ұшып, қонып, оларды тозаңдандырады, тозаңданбаған жоңышқа гүлдемейді, көбеймейді<br>*«Сөйтіп атаның алқабында жоңышқа өспегендіктен , сиыр жайыла алмай қалды, сүті тартылып қалды. Ата сонда түсініп, жапалақтан кешірім сұрады».*<br>Бұл ертегінің мағынасы – тек достарды ренжітпеу ғанаемес, табиғатта барлығы бірбірімен тығыз байланыстаекендігінде. Сиырдың жапалаққа қандай қатысы бар деп ойлауға болады. Ол – тышқандар – аралар – жоңышқа – сиырдың сүті арқылы қатысы бар екен. Қоректену тізбегін сызба арқылы құрастыруға болады. Көлтауысармен бірге, шартты белгілер арқылы қоректену тізбегін құрастырып көрейік. Етқоректілерді қызыл шаршы мен белгілейміз.Шөпқоректі лерді жасыл шаршымен, ал шөпті жасыл жапырақпен белгілейміз. Енді бағыт көрсеткіш арқылы жасыл | Алдымен қызыл балық сатып аламыз. Біз олардың 4-еуін сатып аламыз (карточканы көрсетеді).4 қызыл балықты орналастыр.Енді көк 2 саны бар картаны көрсетеді. Көк түсті 2 балықты орналастыр.<br>Біздің аквариумда қанша балық бар? Балықтарды санап, жауап бер.<br>Дәптермен жұмыс.<br>1-тапсырма.Әр аквариум да балықтың неше түрі бар?Сана және ата.<br>Барлығы қанша?Сонша нүкте сал.Аквариумда сарғыш түсті 3 балық және күлгін түсті екі балық жүзіп жүр. 3 және 2 деп басқаша айтуға болады. Аквариумда қанша балық жүзіп жүр? Аквариумда барлығы 5 балық бар. Балалар үлгіге қарап қалған суреттер бойынша әңгімелер құрайды, олардың санын атайды.<br>Екінші аквариумда қанша балық бар? Олардың саны бірдей ме?<br>Үшінші аквариумда қанша балық бар?<br>Санау материалымен жұптық жұмыс.<br>Түрлі түсті, өлшемдегі және пішіндегі фигура лардың кесіндісі.Алдына | Қыс мезгілін бейнелейтін сурет терді белгіле.Суретке қарап, қардың, мұздың суретін сал.<br>**3.Шығармашылық іс-әрекет**<br>Міндеттері:<br>Құрастыру: Қазақ халқының табиғи материалдардан жасал ған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу.<br>Сурет салу: Қазақ ою-өрнек терінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішін дерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату,<br>Мүсіндеу: Ертегілер мен әңгіме лердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру.<br>Жапсыру: Жапсырудың түрлі тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану<br>Тақырыбы:Гүлдер<br>Жылулық шеңберін құру.<br>Балалардың қолдарына гүлдер беріледі. Баяу музыка қойылады. Балалар бір-біріне гүл туралы сөздер айтады. Гүлдерді құмыраға салады.<br>Сұрақ :<br>– Гүлді не үшін өсіреміз?<br>№1, 2, 3, 4, 5 суреттен неше түрлі топ бөлмесіндегі, бақшадағы, дәліздегі гүлдер көрсетіліп, әңгімеленеді.<br>Топ бөлмесіндегі, бақшадағы | толықтыруды сұрайды.<br>**4.Музыка**<br>Міндеттері:Шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.<br>Тақырыбы:Ақ әжем<br>Музыкалық-ырғақтық қимыл дар: «Сағат» (Е. Андосов).<br>Балалар шеңбер бойында жүріп, қолды белге қойып, сағат тілі секілді оңға, солға иіліп, сол ырғақпен ортаға жиналып, кері қайтып, қимылдар жасайды.<br>«Әже мен немересі», «Менің әжем» суреттерін көрсету.<br>Балалармен отбасындағы анамыздың, әкеміздің аналары – әже туралы сұхбат жүргізу.<br>Әжелеріңнің сүйікті немересіңдер, оларға қамқор болуды ұмытпаңдар.<br>Музыка тыңдау: «Ақ әжем» (К. Қуатбаев).<br>Әнде кім туралы айтылып отыр?<br>Ән қандай көңіл күйде жазылған?<br>Әжелерің сендерді қалай еркелетеді?<br>Ән айту: «Әже тілегі»<br>(Т. Қоңыратбай).<br>«Екеуміз әйбат баламыз»<br>(И. Нүсіпбаев), ән сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>Билер: «Полька» эстон халық биі.Балаларға полька қимыл дарын жасату, аяқты тізеден бүгіп жоғары көтеру дағды ларын қайталап үйрету. | Балалар, біз Алдаркөсені көргенде не істейміз?<br>*(Қуанамыз)*<br>Ал сараң бай Шығайбайды көргенде не істейміз?<br>*(Ашуланамыз)*<br>Ертегіні музыкалық театр арқылы сахналау. Ертегі кейіпкерлері бойынша рөлдерге бөледі. Басқа балалар көрермен болады. Сахналау аяқталған соң көрермендерге бас иеді. Көрермендер қол шапалақтайды.<br>**3.Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Міндеттері: Табиғатпен таныстыру<br>Тақырыбы: Жылмезгіл дері:қыс,көктем.Белгілері.<br>Балаларға Таусоғармен «Жыл мезгілдері» ойыны.<br>Қыс мезгілінде қандай өзгерістер болады? Қыста ең қысқа түн, ең ұзақ күн болады. Күн өте жоғары көтерілмейді, сондықтан жер бетін аз қыздырады. Аспанды үнемі сұр бұлт басып, күннің көзі көрін бейді. Ағаштарды, жер бетін аппақ қар басып қалады. Кейде қатты боран соғады.<br>1-сурет. Табиғаттағы қыс мезгілі. Балалар қысқы орманның, саябақтың, қысқы таулар бейнесі қыста қалай өзгеретіні |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жапырақты жасылшаршымен, жасыл шаршыны қызыл шаршымен қосамыз. Біз осылай шартты белгілер арқылы коректену тізбегі сызбасын құрдық. Жер бетіндегі барлық тірі табиғат-осындай тізбектермен құрылған.Ойын: «Сызба арқылы құрастыр». Ойын: «Мейірімді сөздер». Сұрақтар: Пирамиданың түбінде не орналасқан? Ортасында не орналасқан? Пирамиданың ең ұшында не орналасқан? Жауаптар: Пирамиданың түбінде еменжаңғақ орналасқан. Ортасында тышқан. Ең ұшында түлкі, жылан орналасқан. Жыртқыш аңдар өсімдікпен коректенетін жануарларға қарағанда аз болуы тиіс, өсімдіктер олармен қоректенетін жануардан көп болуы тиіс. Бұл табиғаттағы тепе-теңдік деп аталады. Тепе-теңдік сақталуы тиіс.Сондықтан ормандағы ағаштарды кесуге, жыртқыш аңдарды жоюға болмайды.Үлестірмелі материалдармен жұмыс: Көлтауысармен бірге қоректену тізбегін құрастыр. Етқоректілерді қызыл шаршыға, шөпқоректілерді жасыл шаршыға, өсімдіктерді жасыл жапырақ ішіне орналастыр. Сызықпен қос.Табиғаттағы қоректену тізбегінің ретін бағдаршамен көрсет. | 5дөңгелек қой.Үш дөңгелекті алып таста. Қанша дөңгелек қалды? Тәрбиеші сандары бар карточкаларды тақтаға іліп қояды. Балалар жұппен жұмыс істейді. Тәрбиешінің нұсқауы бойынша фигураларды (дөңгелекшелер, санау материалдарын) қояды, алып тастайды, санайды, қанша қалғанын атайды, өз әрекеттерін түсіндіріп отырады. «Сандарды бөлу» ойыны: жаңғақтар, емен жаңғағын, қиыршық тастарды және осыларға ұқсас басқа заттарды (мысалы,6) қойылады. Оларды қарындашпен бөледі немесе қолымен жылжытып екі бөлікке бөледі. Бала санды таңдайды, тиісті дөңгелектерді толтырады. Мысалы, егер 6 саны таңдалса, оны 3 пен 3 немесе 4 пен 2 және т. б. Үйдің, дөңгелектің, немесе шырша дөңгелек терінің іші толтырылады. «Сандарды жинау» ойынының кері жағдайы ұсынылады: түрлітүсті кішкентай дөңгелек магниттер жиынтығын және магниттік тақта алынады. Тәрбиеші | гүлдерді күту туралы әңгіме өткізу. Ойын жағдаяты. Тәрбиеші хат алып кіреді, хатты бірігіп ашады. Хат «Балдырған» бала бақшасынан келіпті. Ондағы балалар өте шебер екен, бізге сыйлыққа гүл салыпты. Қарандаршы, қандай әдемі! Үлестірмелі материалдағы «Гүлдер» суретіне балалардың назарын аударады. Тәрбиеші гүлдің сабағы мен күлтелері, олардың орналасуы туралы түсіндіреді. Алдымен гүл сауытының суретін қиып алу. Гүл жасайтын бөліктерді қиып дайындау. Ол үшінқатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді қиямыз. Жапсырудың мынадай реті мен әдісі бар: гүл сауытын жапсыру, әшекейлеу; гүлдің сабағын жапсыру (дөңгелек қағазды екіге бүктеп, астыңғы бөлігіне желім жағып жапсырамыз). гүл күлтелерін де сол әдіспен жапсырамыз. «Қонаққа барамыз» ойын жаттығуы. Бас бармақтың үйіне, Келді бүгін қонақтар. Бес саусағың – бақытың, Сонда балам, бар құтың. Бес саусағың біріксе, Текке кетпес уақытың. Барлық саусақтар – достар, Бір-бірінсіз болмайды. | Ойындар, хороводтар: «Қоянды ұстаңдар» (К. Қуатбаев). Балалар шеңбер бойында тұрады да, ортада бір бала қоян болады, ортадағы қоянның қимылдарын шеңберде тұрған балалар қайталайды. Қоян шеңберден шығуға тырысады, балалар жібермейді. Музыкалық аспапта ойнау: «Янка» беларусь халық биі. | туралы әңгімелейді. 2-сурет. «Қысқы табиғат қандай?» деген сұраққа жауап береді. Қысқы табиғат өтетамаша, айнала аппақ қар, адамдар қысқы саябақта серуендеп жүр, тауда адамдар шаңғымен сырғанап жүр. Үнтаспадан қардың сықырын, боранның соққанын, тоқылдақтың тоқылын тыңдайды. 3-сурет. «Қыс мезгіліндегі құстардың тіршілігі қандай?» Қыста суық торғайла топ болып өмір сүреді, олардың қорегі – қыста пісетін шетен, шырғанақ жемістері, құрап қалған, бірақ қауызында дәндері қалған алқаптағы дақылдар. «Қысқы орманда не болып жатыр?» ойынын ойнайды. Музыка ойналып, «Көктем ханшайымы» ән айтып кіреді (ойыншық). Келді көктем қалаға, Келді сұлу шағала. Аспандағы, ақ құстар, Айдын көлді жағала. Көктем ханшайымы көктем мезгілінің белгілерін сұрайды. Балалар жауап береді. – Қандай гүл ең бірінші гүлдейді? Бәйшешек. Балалар, бұл гүл қар |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **4.Дене тәрбиесі** Міндеттері:Дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту Тақырыбы:Мұздағы ойын. Сырғанау.Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау,жүгіріп келіп сырғанау. Тренинг-ойын: «Өзіңді тыңда»«Өзіңе қалай ыңғайлы, солай тұр. Көздеріңді жұмыңдар. Не естідіңдер?Сендерге не кедергі жасайды? Қандай дыбыстар кедергі жасайды? Сендерге шыныққан, дені сау болуға не кедергі болуы мүмкін?»Балалар қоршаған ортадағы денсаулыққа зиянды, жағымсыз факторларды атап айтады.«Ине-жіп» Бір-бірден тізбекпен бұралаңдап жүру. Жүріп келе жатып, бағытты өзгертуге назар аударту – геометриялық фигуралар түрінде көрсету: шеңбер, үшбұрыш, шаршы, сопақ.«Түсіріп алма!» Бір затты алаң бойымен жұпта, сүйем қадам аттай отырып алып жүруді ұсыну. Балалар екі-екіден бір-біріне қарап тұрады. Имек ағаштарына екеуіне ортақ бір затты қойып, алаңның екінші жағына бірігіп жеткізеді. Әрекеттерін үйлестіріп, затты түсіріп алмауға тырысады. «Мұздағы кегельдер».Алаң кайдың ортасында кегельдер тұр. Ойыншылар кегельге | тақтаға бірнеше магнитті жайып, баладан олардан сан құрастырып шығаруды сұрайды. Мысалы, әртүрлі түстенқойылған 4 дөңгелектен, 4 санын жинауды сұрайды. Мысалы, 6 дөңгелекті орналастырып, олардан 3пен 3 немесе 4пен 2 үлгісінде 6 санын құрап шығару сұралады. 2-тапсырма.Қанша жұлдыз қалғанын сана. Цифрды қоршап сыз. Балалар санайды, санын айтады. 3-тапсырма. Балықтың жүзу бағытын анықта. Көрсетілген бағытта торкөз бойымен жылжы. Сол торкөзді боя. Үлестірмелі материалмен жұмыс.Тамақтың дәмін сезетін сезім мүшесін белгіле.Он екі мүшем сау болуы үшін мен не істеймін? Сөйлемді жалғастыр. **4.Музыка** Міндеттері: Би шығармашылығы. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; Тақырыбы:Менің туыстарым | Балалар шығармашылығы. **4.Дене тәрбиесі** Міндеттері:Балалардың ден саулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту Тақырыбы:Спорт түрлері.Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру.Спортзалда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу. Тізбекпен жай жүрісті және қолды жоғары көтеріп аяқ басымен жүру, қолды екі жаққа созып өкшемен жүру, аяқтың тізесін көтеріп қолдарын белге қойып жүру, қолдарын артқа созып, аяқты қырынан қағып жүруді алмастыра отырып шеңбер бойымен жүру.Жылдамдықты өзгерте отырып, бір тізбекпен жүгіру.Тыныс алуды қалыпқа келтіру.Төрттен тізбекке тұру.Гимнастикалық таспамен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары. Негізгі қимылдарды орындау.Үлкен қадамдар аттап жүгіру.Үлкен қадамдар аттап, бірінен кейін бірі қойылған заттардан секіріп жүгіреді. Жерден көтерілуге дайындалып, уақытылы қолдарын сермеп көмектеседі. «Баскетбол»Допты бір-біріне кеудеден лақтырып беру. «Гимнастика»Тепе-теңдік сақтау –гимнастикалық ұзын орындықпен бір аяғын бүгіп, екінші аяғын орындықты жанай айналдырып барып аттап жүру. Жоғары көтерілген нысанада тұрып тепе-теңдік сақтау | | | ерімей жатып, қардың астында өне бастайды, кар еріген кезде, қылтиып бой көтереді, айналаға жұпар иіс шашады, бұл гүлдерді жұлуға болмайды, өйткені бұлар Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген гүлдер. КөктемХаншайымымен қосылып ойын ойнайды.Көктем ханшайымы балаларға шыны бөтелке, қарындаштар,қаламдар, шыны тостағандар, металлофондар, асбұршақ салынған ыдыстар,кітаптар, қағаз парақтарын таратып береді, ойын шартын түсіндіреді, «дыбыс!» деген кезде, қолдарындағы сол заттар бар балалар ойынға қосылады. (Ойын-ертегі) «Бағбаншы тышқан» Көктем ханшайымы ертегіні оқып береді. Үлестірмелі материалдар мен жұмыс:Кестедекөктемге тән қандай белгілер суреттелген? Суретті аяқтап сал. Таусоғарға көктем туралы әңгімелеп бер. Көктемдегі табиғат тағы өзгерістер туралы әңгімеле. Ең бірінші гүлдейтін қыр гүлін ата. **4.Дене тәрбиесі** Міндеттері:Спортқа деген қызығушылықты арттыру Тақырыбы:Жаттығу-жеңіс кепілі!Айналмалыжаттығу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шайбаны имек ағаштарымен атып, тигізуге тырысады. Имек ағашты дұрыс ұстау ларын еске салу керек: бір қолымен (күші басымдау) имек ағаштың ұшынан, екінші қолымен (күші аздау) имек ағаштың ортасына таман ұстап, шайбаны осы қолымен бағыттау.Шайбаны соққанда имек ағаштың астыңғы қыры толық мұз бетінде жататындай етіп ұстауға тырысады. Жаттығу ды орындағанда бұрын білгендерін пайдаланады. «Шарларды қуалау».Баумен жасалған жіңішке дәліз бойымен имек ағаштарды пайдаланып, целлулоид шарларды алаңқайдың қарама-қарсы шетіне жеткізу. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жердің төрт күші». Ойыншылар шеңбер бойында тұрады. Жүргізушінің нұсқауларын орындайды. Егер «жер» десе, қолдарын төмен түсіреді, «су» десе, қолдарын алға созып, жүзу қимылдарын жасайды,«ауа» десе, құстай ұшады, «от» десе, қолдарын айналдырады. Қателескен бала ойыннан шығады.Көзге арналған жаттығулар | Би шығармашылығы. Әуендерді орындауға үйрету,музыкалық аспаптарда ойнауға үйрету. *Музыкалық-ырғақтық қимылдар:* «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен). Балалар шеңберде тұрып, бір-бірінің қолынан ұстап ортаға жиналып, кері қайтып, қимылдар жасайды.Балалармен отбасы мүшелері туралы әңгімелесу.Сендер отбасы дегенді қалай түсінесіңдер? Отбасы мүшелеріне кімдер жатады және олар қайда тұрады? *Музыка тыңдау:* «Жан анам»(Е. Өміров). Сендер аналарыңа қандай көмек көрсетесіңдер? Ананың еңбегі туралы балаларға түсіндіру. *Ән айту:* «Екеуміз әйбат баламыз» (И. Нүсіпбаев). *Билер:* «Тырналар биі» (Д. Абиров). Балалар екі топқа бөлініп, екі бұрыштан шығады. Жеңіл, құстарға тән қимылдар жасайды. Екі шеңберде жүруді үйренеді. *Ойындар, хороводтар:* «Төлдер» (Д. Ботбаев). Шеңбер бойында жүріп әндетіп сұрақ қойып, | жаттығулары «Қалашық» Балаларды ойын ережелерімен және қажетті жабдығымен таныстыру: «Қалашық» – ерекше тәсілмен жиналған арнайы фигуралар. Олар цилиндр пішінді 5 қысқа таяқшадан тұрады. Ойын шарты бойынша бес-бес таяқшадан 15 фигура құрылады.Ойыншылар 3 метр қашықтықтан фигураны таңдайды. Ойын жаттығуы: «Қарама-қарсы қозғалыс» Ойыншылар екі қатарға бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Бірінші қатар не істесе де, екінші қатар соған қарама-қарсы қимылдар жасайды.Бұлшық ет релаксациясына арналған зат бейнесін елестетіп орындалатын жаттығулар.Ұшатын шар. Мұрынмен терең дем алу. «Сендердің іштерің – ұшатын шар. Терең тыныс алған сайын, шарларың үлкейе береді. Енді ауызбен демімізді баяу шығарамыз, шардағы ауа ұшып кеткенін келтіреміз. Аздап үзіліс жасап барып, 5-ке дейін санап, қайталаймыз». | | лар.Дербес қимыл белсен ділігі.Спорттық жаттығу лар.Ойын жаттығулары: «Шашырау» Шеңбер құрып тұру.Шеңбердің ортасында бастаушы тұрады. Бастаушының белгісімен хормен айқай лап айтады: *«Ау, балалар, санайық, Санап болсақ, қашайық!»* Балалар бірінші-екіншіге саналады. Саналу нұсқау шы көрсеткен ойыншыдан басталады. Саналу біткен соң барлығы жан-жаққа қаша жөнеледі.Бастаушы ның мақсаты –ойыншылар дың біреуін ұстап қалу. Қайталанба жаттығулар түрінде негізгі қимылдар ды орындау.Допты бір қолымен еденге соғып, екінші қолымен қағып алу.Аяғын иық еніндей, қолдарын белге қойып, бас тапқы қалыпқа келіп тұрады.Допты оң қолына алып, еденге соғып, сол қолымен қайта қағып алады. Доп кеуде деңгейі нен аспай ұшатындай етіп лақтыру үшін күшін бөлу ге тырысады.Ұзын орын дықтың жіңішке қырымен жүру.Шектеулі жазық бетімен жаттығулар орын дайды.Орындықтың жіңішке беті табанның ортасында болатындай |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | оған жауап береді. Төлдердің қылығына лайық қимылдар жасайды. | | | етіп қою.*Секіртпеден бір орында тұрып секіру.* Қозғалыс ойындары: «Қимылды есте сақта» Жүргізушінің белгісімен қол мен аяқ қимылдарын қайталайды.Қимылдардың ретін сақтап алған соң, белгі бойынша ойыншы лар оларды кері ретпен орындайды. |
| Серуенге дайындық | Өз бетінше киіну және шешіну қабілетін белгілі бір ретпен бекіту, заттарды шкафқа дұрыс орналастыру және ұқыпты бүктеу, әр түрлі бекіткіштерді қолдану қабілетін бекіту.<br>Бекіткішті бекітеміз<br>Сенің киімінде:<br>Түймелер мен қалталар,<br>Әр түрлі тойтармалар.<br>(Сөйлеуді дамыту) | Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру.<br>Киімнің, оның бөліктерінің мақсаты туралы әңгіме | Таза ауадағы топтық жүріс-тұрыс ережелерін қайталау | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын дамыту; мотивация | Киіну ретін пысықтау |
| Серуен | Желді бақылау<br>Мақсаты: балалардың табиғи құбылыстар туралы білімдерін жүйелеу; сөздік қорын байыту: «тікенді», «солтүстік».<br>Еңбек қызметі: ғимараттардан қар тазалау.<br>Дидактикалық ойын «Бұл қай кезде болады?».<br>«Шай-шай, көмектес!»<br>Мақсаты: балаларға «мұқтаж» ойыншыны көруге және оларға көмек көрсетуге үйрету (Дене тәрбиесі + сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен таныстыру) | Ағаштар мен бұталарды бақылау<br>Мақсаты: өсімдіктер туралы білімді кеңейту және тереңдету.<br>Еңбек қызметі: ағаштардан қарды түсіру<br>Мақсаты: еңбек құралын мақсатына сай пайдалану қабілетін дамыту.<br>«Бұл кім екенін тап» қимылды ойыны<br>Мақсаты: балаларды жүгіруге үйрету; негізгі қимылдарды жетілдіру.<br>Шығарылатын материалмен дербес | Көк шымшықты бақылау<br>Мақсаты: құстар туралы түсініктерін кеңейту; талдау, салыстыру, қорытынды жасау қабілетін дамыту.<br>Еңбек қызметі: қысқы құстарды тамақтандыру<br>Мақсаты: балаларды қауырсынды достарына қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>«Қаздар-аққулар» қимылды ойыны<br>Мақсаты: ептілікті дамыту, қызығушылықты қалыптастыру.<br>Серуендеудегі дербес әрекет<br>(Дене тәрбиесі + сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен таныстыру) | Ауа температурасы өзгерісін бақылау<br>Мақсаты: күннің биіктігі мен ауа температурасы арасында байланыс орнату.<br>Еңбек қызметі: жолдарды қардан тазарту.<br>«Қар ұлпасы» ойын жаттығуы<br>Мақсаты: қозғалысты үйлестіруді дамыту.<br>«Екі аяз» қимылды ойыны<br>Мақсаты: ептілікті, жылдамдықты дамыту.<br>Балалардың дербес ойындары<br>(Дене тәрбиесі + сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен таныстыру) | Аула сыпырушының жұмысын бақылау<br>Мақсаты: қызығушылықты дамыту.<br>Көркем сөз<br>Қыс бекер ашуланбайды,<br>Оның уақыты өтті –<br>Көктем терезені қағады<br>Оны ауладан қуады.<br>Мақсаты: табиғатқа деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.<br>«Лентамен ұстау» қимылды ойыны<br>Мақсаты: қимылды үйлестіруді дамыту.<br>Шығарылған материалмен дербес ойындар – күрек |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ойындар: күрек.<br>(Дене тәрбиесі + сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен таныстыру) | | | (Дене тәрбиесі + сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен таныстыру) |
| Серуеннен оралу | Жуыну, шешіну, киіну кезінде дағдыны қалыптастыруды жалғастыру, жуыну әдістерінде жаттығу: жеңді түру, қолды сабынмен сабындау, сумен жуынғаннан кейін қолдың суын сарқу.<br>Дербес ойын әрекеті.<br>(Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу | Ұқыпты шешіну қабілетін ынталандыру.<br>Киімдегі түс реңктерін қарау: қызыл, жасыл, көк | Серуеннен алған әсерімен бөлісу.<br>"Біздің күтушімізге тәртіп орнатуға не көмектеседі?" пікірталасы<br>Тәртіп | Серуендеу туралы эмоционалды жауап.<br>Сыпайы сөздерді қолданатын балаларды мадақтау.<br>Рақмет, өтінемін | Ең есте қалғаны не?<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету және киімге күтім жасау дағдыларын жетілдіру |
| Балалармен жеке жұмыс | «Автобус» сюжетті-рөлдік ойыны<br>Мақсаты: балалардың жүргізуші мен кондуктор жұмысы туралы білімдерін нақтылау; ойынның сюжетін өз бетінше ойлап табуға және оны дамытуға үйрету; қоғамдық көліктегі жолаушының мінез-құлық ережелерін, этикетін еске түсіру<br>Қарым-қатынас.<br>«Менің мекенжайым» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: үй мекен-жайын, тегін, атын, әкесінің атын бекіту | Жоспар бойынша бала тұратын көше туралы әңгімелер құрастыру<br>Мақсаты: қала көшелері туралы түсінікті, жол қозғалысы ережесін бекіту.<br>«Қиылыста не істеуге болмайды» тақырыбындағы жағдайды модельдеу | «Көше» сюжетті-рөлдік ойыны<br>Жүк және жеңіл автомобильдер көшеде жүреді, жаяу жүргіншілер тротуарда жүреді. Автокөліктер көлік бағдаршамының сигналдарына бағынады, жаяу жүргіншілер жаяу жүргіншіге арналған бағдаршамға назар аударады<br>«Қарбалас сағат» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: қала көшелерінде жол қозғалысының негізгі ережесін меңгеру; мамандық туралы білімін нақтылау | «Біз жаяу жүргінші» сюжетті-рөлдік ойыны.<br>Мақсаты: аялдамада, көлікте жаяу жүргінші мен жолаушының мінез-құлық ережелерін пысықтау.<br>«Бұлай болмайды» плакаттарын қарау.<br>Мақсаты: балаларды қайда жерде және неге онда ойнауға болмайтынын түсіндіру.<br>ЖҚЕ бойынша мультфильм көру (Смешарики) | «Көлік жүргізуші» сюжетті-рөлдік ойыны<br>Мақсаты: рөлдерді бөлу және өзіне қабылданған рөлге сәйкес әрекет ету; ойыншылар арасындағы қарым-қатынасты көрсету; көлік қызметкерлерінің еңбегіне деген қызығушылық пен құрметке тәрбиелеу; жол қозғалысы ережесін білуді бекіту.<br>«Бөлінген белгілер» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: зейінді, есте сақтауды дамыту; жол белгісін білуді және мақсатын бекіту |
| Балалардың іс-әрекеті (ойын,таным дық,коммуни кативтік,шығар машылқ,экспер | Қарым-қатынас дағдысы<br>«Дыбысты тап» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: бір және екі буынды сөздерді табу | Шығармашылық дағды, зерттеу қызметі<br>«Жақын адамыңа жылулық сыйла»<br>Мақсаты: қайшымен жұмыс істеу дағдысын | Әлеуметтік-эмоционалды дағды<br>Дидактикалық ойын «Не жақсы, не жаман»<br>Мақсаты: балаларды балалардың іс-әрекеттерін талдауға үйрету, оларға моральдық баға беру | Әлеуметтік-эмоционалды дағды<br>«Мені кешір» ойын жаттығуы<br>Мақсаты: балаларды қарсыласының татуласуын талап ететін жағдайды көруге үйрету және балада дұрыс | Қарым-қатынас дағдысы<br>Кітап бұрышындағы жұмыс<br>Мақсаты: «жақсы» істер, адал достар, жақсы істер туралы айтылатын таныс |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **именталдық,ең бек,қимыл,бей нелеу,дербес және басқалары)** | | **жетілдіру, көршісіне деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу** | | **кешірім сұрау қабілетін қалыптастыру** | **шығармаларды табу** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **«Қандай тамаша ертегілер!» ата-аналармен бірлескен іс-шара (ертегі бойынша КТК).** | **«Бала өміріндегі сюжетті-рөлдік ойындар» стендтік кеңес беру.** | **«Қимыл белсенділігінің жоғарылауы. Не істеу керек?» жеке кеңес беру<br>Мақсаты: ата-аналар арасында баланы тәрбиелеу мәселесі бойынша педагогикалық білімді тарату** | **"Ата-аналарға арналған жиырма қарапайым логопедиялық кеңестер".<br>Сау болыңыз!** | **Балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру** |

Scanned with CamScanner

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Топ: мектепалды «А» сынып
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспар қай кезеңге жасалды: 24.02–28.02.25ж

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 24.02 | Сейсенбі 25.02 | Сәрсенбі 26.02 | Бейсенбі 27.02 | Жұма 28.02 |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | **Біртұтас тәрбие бағдарлама аясында ақпан «Жасампаздық пен жаңашылдық » айы Апта дәйексөзі: ҚР Әнұранын айту. Күй күмбірін тыңдау. Жеке қауіпсіздік «ЛИФТІ (ЖЕДЕЛ САТЫ) МЕН КІРЕБЕРІСТЕГІ (ПОДЪЕЗД) МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ» https://www.youtube.com/watch?v=3B0fLh5HPR0&list=PLA5eCSY2FeoOFtmGao7lWOuIA-hK_6ODD&index=3** | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасылық дәстүрлер туралы жеке әңгімелер, балалармен қарым-қатынас жасау және жақсы көңіл-күй қалыптастыру ойындары. Достық атмосфера құру | «Сәлеметсің бе, досым!» (доппен) «Отбасы» саусақ ойыны Мақсаты: күн жоспарларын талқылау | Саусақ гимнастикасы «Таң». С. Остердің «Зиянды кеңестер» шығармасынан үзінді оқу. Неліктен бұлай істеуге болмайтыны туралы әңгіме. Жақсы әрекеттерге мысал келтіруді ұсыну | Психогимнастика «Ине және жіп» Балалар бір-бірінің соңынан тұрады. Біріншісі – ине. Ол бағытын өзгертіп жүгіреді. Қалғандары – жіп – одан қалмауға тырысып, соңынан жүгіреді. (Өзін қалай сезінетінін айту) |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Өнегелі 15 мин.Ата-аналармен жеке әңгімелер. Балаларды мектепте оқуға дайындау бойынша ата-аналардың көзқарасын анықтау | Өнегелі 15 мин. Мазмұнды іс-әрекетті қамтамасыз ету. Баланың бастамасымен пайда болатын ойынды ынталандыру. | Өнегелі 15 мин. Мазмұнды іс-әрекетті қамтамасыз ету. Өзін-өзі бағалауды, өзін-өзі құрметтеуді, өз қабілеттері мен мүмкіндіктеріне сенімділікті тәрбиелеуді жалғастыру. | Өнегелі 15 мин. Балалар арасындағы достық қарым-қатынасты қалыптастыру, балалар мен ересектер арасындағы қолдау мен ынтымақтастық атмосферасын құру. | Өнегелі 15 мин. Баланың көңіл күйі, оның қызығушылықтары туралы әңгіме. |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық,сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және | «Жануарларға анасын табуға көмектес» дидактикалық ойыны Мақсаты: сөйлеуді дамыту; сөздік қорын кеңейту. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен таныстыру) | «Логикалық кесте» дидактикалық ойыны Мақсаты: геометриялық фигура, түсті, реңкті бекіту; қабылдауды, зейінді, логикалық ойлауды дамыту. (Математика + сөйлеуді дамыту) | «Серуенге шығу» дидактикалық ойыны Мақсаты: әр маусымға сәйкес киім мен аяқ киімді таңдау. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен таныстыру) «Епті саусақтар» қимылды ойыны | «Төртінші артық» дидактикалық ойыны Мақсаты: логикалық ойлауды, зейінді және өз ойын дәлелдеу және қорғау қабілетін дамыту. (Қоршаған әлеммен таныстыру + сөйлеуді дамыту) «Жаңғырық» қимылды ойыны | «Не естіледі?» дидактикалық ойын Мақсаты: есту зейінін дамыту. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен таныстыру) «Қайталап көр!» қимылды |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| басқа ойындар, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалары) | «Қайталап көр!» қимылды ойын<br>Мақсаты: визуалды зейін мен қозғалысты үйлестіруді, сондай-ақ жарты шар аралық байланысты дамыту. (Дене тәрбиесі+ математика)<br>«Саусақ бұрау» үстел ойыны<br>Мақсаты: саусақ қимылын үйлестіруді, ұсақ моториканы, жарты шар аралық өзара әрекеттесуді, зейінді дамыту; түс пен оның реңктерін бекіту; кеңістіктегі бағдар: сол-оң, жоғарғы-төменгі.<br>(Математика + сөйлеуді дамыту) | «Орын ауыстыру» қимылды ойыны<br>Мақсаты: балалардың шығармашылық белсенділігін дамыту; қиялды ояту, көңіл-күйді көтеру; жинақылық, зейінді, эмоция мен іс-әрекетті басқару қабілетін, ұжымдық және үйлесімді іс-әрекет дағдысын дамыту.<br>(Дене тәрбиесі+ математика)<br>«Үлкен жуу» үстел ойыны<br>Мақсаты: зейінді, есте сақтауды, логикалық ойлауды, келісу қабілетін дамыту.<br>(Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу) | Мақсаты: мотор импровизациясының қабілетін, мотор тапқыр<br>лығын, мотор мәселесін бірлесіп шешу кезінде әрекетті үйлестіру қабілетін дамыту<br>(Дене тәрбиесі+ математика)<br>«Күшікті тамақтандыр» үстел ойыны<br>Мақсаты: мысал шешуде санау дағдысын жетілдіру; толық сөйлеммен жауап беру кезінде баланың сөйлеуін дамытуға ықпал ету<br>(Сөйлеуді дамыту + математика) | Мақсаты: баланың шығармашылық белсенділігін арттыру, қиялын ояту, көңіл-күйін көтеру; жинақылық, зейінді, эмоция мен іс-әрекетті басқару қабілетін, ұжымдық және үйлесімді іс-әрекет дағдысын дамыту. (Сөйлеуді дамыту + шығармашылық)<br>«Саусақты бұрау» үстел ойыны<br>Мақсаты: саусақ қимылын үйлестіруді, ұсақ моториканы, жарты шар аралық өзара әрекеттесуді, зейінді дамыту; түс пен реңкті бекіту; кеңістіктегі бағдар: сол-оң, жоғарғы-төменгі.<br>(Математика + сөйлеуді дамыту) | ойын<br>Мақсаты: визуалды зейін мен қозғалысты үйлестіруді, сондай-ақ жарты шар аралық байланысты дамыту.<br>(Дене тәрбиесі+ математика)<br>«Анасының көмекшісі» үстел ойыны<br>Мақсаты: сөздік қорын толықтыру; сөйлем мен әңгіме құрастыру.<br>(Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен таныстыру)<br>«Топта бізде қандай жиһаз бар? Оның мақсаты не?» әңгімелесу<br>Мақсаты: біртұтас сөйлеуді дамыту; сөздікті белсендіру |
| Ертеңгілік жаттығу | Жаттығулар кешені | Жаттығулар кешені | Жаттығулар кешені | Жаттығулар кешені | Жаттығулар кешені |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | «Өз қолыңмен ыдыс-аяқ» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: біртұтас сөйлеуді, сондай-ақ қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>(Қоршаған әлеммен таныстыру + сөйлеуді дамыту) | «Ыдыс-аяқ және оның мақсаты» тақырыбындағы әңгіме, сурет қарау<br>Мақсаты: жиһаз, ыдыс-аяқ, тұрмыстық техника заттарын дәл атай білу қабілетін дамыту; олардың құрамдас бөліктерін ажырату, олар жасалған материал бойынша заттарды ажырату.<br>(Қоршаған әлеммен таныстыру + математика) | «Затты сипатта» дидактикалық ойыны (ыдыс-аяқ, жиһаз)<br>Мақсаты: ойлауды, зейінді, есте сақтауды дамыту.<br>Үстел ойындары:<br>- лото (жиһаз);<br>- бөлінген суреттер (ыдыс-аяқ)<br>Мақсаты: зейінді, ойлауды дамыту. (Сөйлеуді дамыту + математика) | «Ас үйде қандай ыдыс-аяқ тұрады?» дидактикалық ойын<br>Мақсаты: біртұтас сөйлеуді дамыту, сөздікті белсендіру.<br>(Қоршаған әлеммен таныстыру + сөйлеуді дамыту) | «Қонақ бөлмеге арналған жиһаз» құрастыру ойыны (атауы, мақсаты, сыртқы ерекшеліктері)<br>Мақсаты: сөздікті дамыту және белсендіру.<br>(Математика + қоршаған әлеммен таныстыру) |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет | **1. Сауат ашу негіздері**<br>Міндеттері: Сөздерді дыбыстық талдау,жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Міндеттері: Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен | **1. Сауат ашу негіздері**<br>Міндеттері: Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларадық кеңістікті ажырата білуге үйрету. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Міндеттері: Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану. | **1. Сауат ашу негіздері**<br>Міндеттері: берілген сөздерден жай сөйлемдер құрастыру.<br>Тақырыбы: Біз нені үйрендік? |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | (Қоршаған әлеммен таныстыру + математика) | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет | **1. Сауат ашу негіздері**<br>Міндеттері: Сөздерді дыбыстық талдау,жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру.Қолды жазуға дайындау.<br>Тақырыбы:Дыбыстық талдау<br>Тәрбиеші ай атауларын оқиды, балалар қай мезгіл<br>ге жататынын табады.<br>1. Қыргүйек, қазан, қараша 2. Желтоқсан, қаңтар, ақпан<br>3. Наурыз, сәуір, мамыр – 4. Маусым, шілде, тамыз –<br>«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.<br>Дыбыстар нешегебөлінеді?<br>Дауысты дыбыстардың жасалу жолы қандай?<br>Буында неше дауысты дыбыс болады?<br>Дидактикалық ойын: «Тиісті түсті көрсет»<br>Тәрбиеші дыбыстарды айтады: к, ө, б, н, т, ч,с, ы, п, р, л, д, ф, ж т.б. Балалар тиісті түсті көтереді, егер дыбыс дауысты болса, қызыл, ал дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны көтеру керек. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Міндеттері: Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.<br>Тақырыбы:Дәрумендер<br>Өлең оқу<br>Дәрумендер дауасы<br>Өорлеу үшін елің,<br>Түлеу үшін жерің,<br>Болу керек мықты<br>Денсаулығың сенің.<br>Болу керек зерек,<br>Болу керек ерек.<br>Денсаулықты дәйім<br>Күтіп жүру керек.<br>Ішсең егер дәрі,<br>Зиянды оның бәрі.<br>Бойға қуат берер<br>Тағамдардың нәрі<br>Дәрумендер тобы<br>Мол қуаттың қоры.<br>Табиғатта да емші<br>Біліп жүр сен оны.<br>Сөздік жұмысы: өрлеу, түлеу, ерек, зерек, қуат.<br>Өлең не туралы?<br>Біз ақылды, зерек, күшті болып өсу үшін не істеуіміз керек?Иә, денсаулықты күтіп жүруіміз керек. Тек дәріні пайдаланудың зиянды кері әсері бар. Қуаты мол дәрумендерді табиғаттың өзі бізге сыйға тартқан | **1. Сауат ашу негіздері**<br>Міндеттері: Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.<br>Тақырыбы:Біз нені үйрендік?<br>«Жалпы атауын айт»<br>дидактикалық ойыны.<br>Сиыр, ешкі, қой, жылқы –<br>Тау, ағаш, гүл, тас – . . .<br>Қазан, қасық, кесе, тәрелке<br>Қаймақ, ботқа, ірімшік, май – . . .<br>«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.<br>Дидактикалық ойын: «Сөз жарыс»<br>–Мен бір тақырып айтамын, сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет. Мысалы: Жабайы аңдар, жәндіктер, ыдыстар т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады<br>Дидактикалық ойын: «Буынды айтып сөз құра»<br>Ойын шарты: тәрбиеші айтқан буынға балалар сөз құрап айтады. Мысалы*: Ал.. . . .ма, ба. . . қа.., са...ғыз, ал...мұрт, ма..., ке...ме, де..., шал...қар, қа...зы, пи..яз, бә...теңке т.б.*<br>–Балалар, сендердің дендерің сау, мықты болып өсу үшін дәрумендері мол, балғын тағамдармен қоректенулерің керек.<br>*Дидактикалық жатттығу:* | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Міндеттері: Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану.<br>Тақырыбы:Асар жасаймыз<br>«Кішкентай құрылысшылар» ойыны.Балалар санамақ бойынша екі топқа бөлінеді.Әр топ сызық бойынша құрастырғыштардан әдемі үй құрастырады. Тез құрап бітірген топ «мықты асаршылар» атағын алады.<br>Асар – қазақтың көне дәстүрінің бірі. Бұл – көпшіліктің көмегін пайдалану.Адамдар көп адамның қол күшін қажет ететін ауыр жұмыстарды атқару үшінбір-бірін көмекке шақырады. Мысалы: үй салу үшін көмекке адамдарды шақыру. Асарға келгендер еңбегі үшін ақы сұрамайды. Өйткені қажет болған кезде оларғада жұрт көмекке барады.<br>Үй иесі жұмысшыларға тамақ әзірлеп, күтеді.Асар халқы<br>мыздың бірлігін, қайырым<br>дылығы мен ұйымшылдығын нығайтады.<br>Сөздік жұмысы: асар.Сендер үлкендергекөмек көрсетесіңдер. Кішкентайларға қамқорлық жасайсыңдар. Міне, осының бәрі ұйымшылдықты, қамқор<br>лықты білдіреді. Асар туралы | **1. Сауат ашу негіздері**<br>Міндеттері: берілген сөздерден жай сөйлемдер құрастыру.<br>Тақырыбы: Біз нені үйрендік?<br>«Жалпы атауын ата»<br>дидактикалық ойыны.<br>Дәрігер, аспазшы, тігінші – . .<br>Гитара, домбыра, барабан – . .<br>Шеңбер, үшбұрыш, төртбұрыш<br>Автобус, трамвай, такси – . . .<br>Хоккей, волейбол, футбол – .<br>«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша»<br>Тәрбиеші қандай да бір дыбыс<br>ты айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.<br>Дидактикалық ойын: «Қайтала»(доппен)<br>Балалар, мен сендерге допты лақтырып бірінші дыбысты айқынырақ айтып сөздер айта<br>мын, ал сендер сол айқынырақ айтқан дыбысты дәл мен сияқты бәрімізге естілетіндей етіп қайталап, допты кері лақтырасыңдар.<br>Мысалы: *қққасқыр(қ), кккітап(к), бббаққа(б). вввагон(в), ғғарыш(ғ), т.б.*<br>Балалар, осы дыбыстарды айтқанда не байқадыңдар, дыбыстарды айту оңай болды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Дидактикалық ойын: Жоғалған дыбыс»*<br>–Мен сендерге суреттер көрсетіп бірінші дыбысты айтпай сөз айтамын, сендер жоғалған дыбысты жалғап толық сөзді айта сындар да допты кері бересіндер.<br>Мысалы:... *ерезе (т), ...ілем (к), ...алық (б), ...урек (ж), ...ақыт (б), уыршақ...(қ), ...омбыра (д), ...екемет (т), ...ышақ (п),... аймақ (қ), ...анан (б), ...ектеп (м), ...рік (ө), ...ияз (п)* т.б.<br>Ғажайып сәт.Балалар, қуыршақ Айсұлу бізге тапсырмалары бар хатқалта алып келіпті. Қуыршақты үстел үсіне жайғастырады. Тәрбиеші хатқалтаны ашып, тапсырмаларын оқиды.<br>«Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы<br>-ал буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.<br>Мысалы:*алма, алтын, алжапқыш, алға, аласа, ала, алқа, Алжан, алмас, алау, т.б .*<br>-ок буынынан | екен.Сендер қандай тағам түрлерін жақсы көресіңдер? Осы жеген тағамдардың қаншалықты пайдалы немесе зиянды екенін анықтайық. Балықтың бірнеше түрі бар: сазан, шортан, бекіре, ақ қайран, шабақ т.б.Балық еті көздің көру қабілетін арттырады, жүйке жүйесін қалыпқа келтіреді, тері, шаш, тырнақ, сүйек пен тістің жағдайын жақсартады.Сүт өнімдері де пайдалы. Сүт өнімдеріне айран, сүт, сүзбе, құрт, шұбат, қымыз т.б. жатады. Бұл тағамдар А, В, С, Д дәрумендеріне бай.Алма, алмұрт, өрік, жүзім, анар сияқты жемістерді де жиі пайдалану керек. Асқабақ, қызылша, пияз, сарымсақ, қызанақ – көгеністер.Одан кейін нан өнімдері. Нан өнімдерін атаңдаршы.<br>Бұлардың бәрі табиғи өнімдер. Ал консервіленген балық, ет, газдалған сусындарда әртүрлі қоспа болады. Сондықтан олар адам өміріне зиян.Неліктен пайдалы тағамдарды тұтынуымыз керек?<br>Дидактикалық ойын: «Бір және көп»Тәрбиеші бір зат түрін айтады, балалар оның көпше түрін айтады.<br>Алма – алмалар<br>Сәбіз – ... | *«Қарама-қарсы сөзді айт»*<br>*Майлы – ... (майсыз).*<br>*Сұйық – ... (қою).*<br>*Ащы – ... ( тұщы).*<br>*Дәмді – ... (дәмсіз).*<br>*Қатты – ... (жұмсақ).*<br>*Ұнайды – ... (ұнамайды).* Балалар қарама-қарсы сөздерді айтады.Жұмыс дәптерімен жұмыс Суретте қара. Тағам атау ларын ата. Сөйлем құрап, сызбасын сыз.Суреттерді ата. Дыбыстық талдау жаса.Ыдыс, ешкі, құрт сөздеріне дыбыстық талдау жасау.Дыбыстық сызбаларды тақтаға іліп, әр сызбаға бір баладан тақтаға шақырып, дыбыстық талдау жасатады, қалған балалар тақтамен жұмыстарын тексереді.<br>*1.Ыдыс* сөзіне дыбыстық талдау.<br>*Ыдыс* сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар, 2-дауысты, 2- дауыссыз дыбыс<br>*2.Құрт* сөзінің дыбыстық талдауы.<br>*Құрт* – 1 буын, 4 дыбыс, 1-дауысты,3-дауыссыз дыбыс.<br>*3.Ешкі* сөзіне дыбыстық талдау.<br>*Ешкі* – 2 буын, 4 дыбыс, 2-дауысты, 2- дауыссыз дыбыс.<br>Сөздерді буынға бөл. Тиісті сызбамен қос.<br>Саусақ жаттығуы.Жұмыс дәптерімен жұмыс *(графикалық жұмыс)* Суреттерді штрихта. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.<br>**2. Көркем әдебиет**<br>Міндеттері: Шешендікке, сөз | жазылған ақын Қастек Баянбайдың өлеңін оқып берейін.<br>Өлеңде не жайында жазылған?<br>Асар дегенді қалай түсіндің?<br>Қандай жұмыстарды бірігіп атқаруға болады?<br>Мақал-мәтелмен танысайық.<br>Еңбегің сайлы болса, Ішің майлы болар.<br>Еңбек – адамның көркі, Адам заманның көркі.<br>Үлестірмелі материалмен жұмыс.<br>Суретте асаршылар не істеп жатыр?<br>Суреттерді цифр ретімен белгіле. Әңгімеқұра.<br>Балалар асарлап, бірігіп атқаратын жұмыс қашанда жеңіл әрі тез бітеді.«Бірлік бар жерде тірлік бар» деген дана халқымыз.<br>**2.Математика негіздері**<br>Міндеттері: Шама. Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру.<br>Тақырыбы:Ұзынырақ-қысқа, биік-аласа<br>Ойындық жағдаят.Әлия мен Сырым (№1 парақ) теміржол салды, олар кімнің салған жолы ұзынырақ екендігі туралы дауласуда. Тәрбиеші тақтада сызық сызады (арқан немесе рельс суретін салу).Қайсысы | ма? Ауыздан шығатын ауаға кедергілер жасалады екен.<br>Ал ол кедергілер нелер? (ерін, тіл, тіс, т.б.).Бұлар қандай дыбыстар?<br>Дидактикалық жаттығу: «Сөйлемге қажетті сөзді қос»<br>– Мен сендерге бір сөзі жетіспейтін сөйлем айтамын, сендер мазмұны байланыса тындай етіп сөз жалғауларың керек.<br>1.Көктемде жылы жақтан құстар ...<br>Дәрия ыдысты ...<br>Анам жұмыртқа ...<br>Аю балды ...<br>Орманда қасқырлар ...<br>Әкем қармақпен балық ...<br>Ернар қараторғайға ұя ...<br>Ағашқа торғайлар ...<br>Түлкі өте қу ... .<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс<br>Спорт түрлерін ата. Дәл тигізді, жүйрік екен, жылдам жүзді, озып келді сөздерін қатыстырып, сөйлем құра. Сөйлемнің сызбасын сыз.Суреттерді ата. Сөздерді буынға бөл.Суреттерді сәйкес дыбыстық сызбамен қос.<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс *(графикалық жұмыс)*<br>Суреттерді штрихта. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>Міндеттері: Жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.<br>Тақырыбы:Үш қыз |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.<br>Мысалы: *оқу, оқы, оқымысты, оқулық, оқ, оқыс, оқшаулау, оқтар т.б.*<br>-жа буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.<br>Мысалы: *жас, жалын, жалғыз, жат, Жайық, жарқыра, жалқау, жаура, жалау т.б.*<br>Жұмыс дәптеріменжұмыс<br>Суреттерді ата. Сызба бойынша сөйлем құра.<br>Дыбыстық талдау жаса<br>Таң, бұлт сөздеріне дыбыстық талдау жаса.<br>Дыбыстық сызбаны тақтаға іліп, бір-бір баладан тақтада жасатады.<br>Балалар жұмыстарын тақтадағы талдаумен салыстырады, қателерін түзейді.<br>*1.Таң* сөзінің дыбыстық талдауы.*Таң*- 1буын, 3дыбыс бар,1-дауысты, 2-дауыссыз дыбыс.<br>*2.Бұлт*сөзіне дыбыстық талдау.*Бұлт* – 1 буын, 4 дыбыс, 1-дауысты, 3-дауыссыз дыбыс.<br>Саусақ жаттығуы.Жұмыс | Жеміс – ...<br>Құрт – ...<br>Көгөніс – ...<br>Балық – ...<br>Дидактикалық ойын: «Не пайдалы»Қима суреттер арасынан пайдалы тағамды тауып, себетке салады. Зиянды тағамдарды қапқа салады.Үлестірмелі материалмен жұмыс.<br>Суреттегі пайдалы дәруменге бай тағамдарды көк түспен белгіле. Зиянды тағамдарды қызыл түспен белгіле.<br>**2.Математика негіздері**<br>Міндеттері: Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағыты на байланысты емес екенін түсіндіру.<br>Тақырыбы: Заттармен әрекет<br>Ойындық жағдаят.Әлия мен Сырым ойнауға шақырады.<br>«Қай қорапта көбірек?» ойыны. Тәрбиеші ойынға көлемі жағынан ерекшеленетін бірнеше қорапты ұсынады. Бұл жағдайда үлкен қорапта кіші гірім қораптан гөрі көп заттар болуы мүмкін. Алдымен қораптар толық болады. Балалар заттардың қай жерде көп, қай жерде аз екенін болжайды. Қайта | өнеріне баулу,<br>санамақ, жаңылтпаш айту,<br>Тақырыбы:Өс,ұлан!<br>Суретпен жұмыс.<br>Суретте күлкі бейнеленсе – балалар бір-біріне күлімдей қарайды.<br>Күн бейнеленсе – күліп амандасады. Жүрек бейнеленсе – құшақтасады.<br>Балалар, деніміз сау болу үшін не істеу керек?Спортпен айналысатын адамды қалай атайды?<br>Спортшының табысқа жетуіне кімдер көмектеседі? Таңертең жаттығу жасап, шынығу керек. Үнемі спортпен шұғылданған адам ауырмайды.Бүгін біз ақын Өтебай Тұрманжановтың «Өс, ұлан!» өлеңімен танысамыз.<br>Сөздік жұмысы: *ұлан* – жеткіншек,<br>өрен, бала.*қыран* – бүркіт сияқты алғыр, епті болу. Өлең мазмұны бойынша *сұрақ-жауап:*<br>Өлеңнің авторы кім?<br>Өлең не туралы?Адам денсаулығына не пайдалы?<br>*(Спорт, таза ауа, дұрыс тамақтану, серуендеу)*<br>Таза ауада серуендеген ұнай ма?Жаттығу жасау не үшін қажет?Спорт несімен пайдалы?Қай спортпен айналысуды ұнатасың?<br>Мақалдың мазмұнын түсініп, есіңде сақта: Дені саудың жаны сау.<br>Үлестірмелі материалмен жұмыс | ұзынырақ екенін анықтауға көмектесе аламыз ба?<br>Проблемалық-іздеу тапсыр масы.Жолдың ұзындығын қалай салыстыруға болады?<br>Балалар салыстыру тәсілдерін ұсынады.(Бір-біріне беттестіру, тұстастыру). Жолдарды салыстыруға бола ма, оларды қабаттастыруға немесе қатар қоюға бола ма?<br>Заттың ұзындығын өлшеудің басқа қандай жолдары бар. Кез-келген затты шартты өлшеуішпен өлшеуге болады. Шартты өлшеуіш кесінді, шілтер, қалам немесе кез келген зат болуы мүмкін. Бүгін бізде шартты өлшеуіш қағаз кесіндісі болады. Қалай өлшейтінімді мұқият қараңдар. Мен шартты өлшеуішті өлшенетін заттың өлшем бұрышының басына сәйкес келетіндей етіп қоямын. Шартты өлшеуіштің шеті қайда? Мен сол жерді белгілеп кетемін. Келесі өлшем сол белгіленген жерден басталады. Балаларға жолдарды (арқандар немесе кесінділер) таратады. Тәрбиеші өлшеуіштің шеті жолдың (рельстің) шетіне сәйкес келетіндігін еске салады. Балалар өлшемдер санын есептейді, цифры бар карточканы көрсетеді. Олар қай жерде өлшемдер көп екенін айтады. Біз қай жолдың ұзын екенін білдік. Сондықтан Әлия мен Сырымның дауы шешілді. | Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады.<br>-Өмірдегі ең жақын, аяулы жан кім?<br>*Ана* сөзін естігенде, ойыңа не келеді?<br>–Анаң сені қандай сөздермен еркелетеді?<br>Ана – бала үшін ең аяулы жан. Анамызды сыйлап, ренжітпей жүруіміз керек. Анамыз ауырып қалса, дәрі-дәрмек беріп, күтіп, көмектескеніміз жөн. Бүгін біз ана туралы «Үш қыз» атты татар халық ертегісімен танысамыз. Ертегіні оқып, мазмұнын ашу<br>Сөздік жұмысы: *аяулы жан* – өмірдегі ең жақын, ең қымбат адамың.*қайырымдылық* – қиын кезде көмек көрсету.Ертегінің мазмұны бойынша *сұрақ-жауап:*<br>Ертегі не туралы?Анасы тиінді жұмсап, қыздарын не үшін шақырды? Тиін үлкен қызды неге айналдырды? Не үшін?Тиін ортаншы қызды неге айналдырды? Не үшін?Тиін кіші қызды неге айналдырды? Не үшін?Саған қай қыздың әрекеті ұнады?<br>*Дидактикалық ойын: «Не жоқ»* (баланың зейінін дамыту)Шарты: балалар көздерін жұмады, тәрбиеші бір ертегі кейіпкерінің суретін алып қояды. Көздерін ашқанда ертегідегі қай |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дәптерімен жұмыс<br>Суреттерді ата. Сөздерді буынға бөл.Штрихта ·<br>Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.<br>**2.Математика негіздері**<br>Міндеттері: Топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау.<br>Тақырыбы:Заттармен әрекет<br>Ойындық жағдаят.Әлия мен Сырым «Бөлік және тұтас»ойыны.<br>5,6,7 саны бар үлкен карточкаларды таратады.<br>1-деңгей.№4парақтан алманың суреті бар карточкаларды таратады.<br>Карточкаларында алма бар балалар мұндай санды алу үшін цифр жанына тұру керек. Мысалы: 2-деңгей.<br>Ал кішірек карточкалар, №4 парақ. 5,6,7 сандары бар карточкаға екі бала жақындауы керек,осылай<br>ша бұл сан бірге шығады.<br>Дәптермен жұмыс. | санау арқылы тексереді. Содан кейін балалар топтарға бөлінеді және қазірдің өзінде заттарды қораптарға салып, басқа топқа қай қорапта көбірек заттар бар екенін анықтауды ұсынады. Қайта санағаннан кейін балалар сандары бар карточкаларды алып, оларды көрсетеді (жәшіктерге бекітіледі).<br>Тәрбиеші заттарды бір қораптан екі қорапқа (банкалар, табақтар) бөліп салуды ұсынады. Әр қораптағы заттарды санап, сондай цифрлары бар карточкаларды табады.<br>– Қанша зат болды? Біз қандай бөліктерге бөлдік. «Оқиық»: 5 – бұл 1 және 4. 5 затты тағы қалай ыдыратуға болады?(2және 3).<br>Дәптермен жұмыс.<br>1-тапсырма.Қапта қанша дөңгелекбар? Қапта қанша шаршы бар. Олардыата. Фигураларды үлкен қапқа салды. Қапта барлығы қанша фигура болды?<br>Цифрды қоршап сыз.<br>2-тапсырма.Себетте қанша алма бар? Сана. Себетте қанша алмұрт қбар? Жемістерді үлкен себетке салды. Себетте барлығы қанша жеміс болды?<br>Цифрды қоршап сыз.<br>3-тапсырма.Шеңберлердегі | Суретте не бейнеленген?<br>Әңгімеле.Балалардың көңіл күйі қандай?Суретте бейнеленген спорт ойындарын ата. Олимпиадада жүлде алған спортшыны қалай атайды?<br>Олимпиада чемпионы болған спортшылармен таныс. Жұмбақты шешуі мен сызып қос. Суретті бастырып сыз, боя.<br>**3.Шығармашылық іс-әрекет**<br>Міндеттері:<br>Құрастыру: Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері және т.б.) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.<br>-Ойынға қажетті құрылыс<br>ты бірлесіп ойдан құрас<br>тыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру.<br>Сурет салу: тік сызықтар<br>дың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу.<br>Мүсіндеу: Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау.Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіп сіздік ережелерін сақтау.<br>Жапсыру: түрлі материал<br>дардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру.<br>Тақырыбы:Әдемі орамал<br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік! | Сырымның теміржолы Әлияның салған темір жолына қарағанда ұзындау немесе басқаша айтқанда Әлияның салған теміржолы Сырымның салған темір жолынан қысқа.Дәптермен жұмыс.<br>1-тапсырма.Пойызда қанша вагон бар? Қысқасын белгіле. Олардың ұзындығы бірдей болатындай етіп, суретін сал.Тәрбиеші әр пойыздағы вагондардың санын есептеуді ұсынады (вагон-шартты өлшеуіш ретінде) олардың санын атаңыз. Қай пойыздың қысқа екенін белгіле. Ұзындықтары бірдей болу үшін тағы вагондар суретін сал.Балалар әр пойызға жалғанған вагондарды санайды, пойыздардың ұзындығы бірдей болатындай вагондардың суретін аяқтап салады.<br>Практикалық жұмыс. Тәрбиеші көк және қызыл қағаз кесінділерді таратады. Кішкентай жасыл кесінді-шартты өлшеуіш. Тәрбиеші балаларға жүгінеді: сіздің табақтарыңызда көк және қызыл қағаз кесінділері бар.<br>Жасыл кесінді-шартты өлшеуіш. Кесінділердің қайсысы ұзынырақ екенін тәжірибелік түрде дәлелдеуге тырыс. Балалар шартты өлшеуішпен кесінділердің ұзындығын өлшейді.<br>Қай кесінді ұзынырақ? | кейіпкердің жоқ екенін табады.Үлестірмелі материал мен жұмыс.Ертегінің мазмұнын сурет бойынша баянда.Жұмбақтың жауабын суреттен тауып, сызып қос. Аяғы бар, басы бар,<br>Ертегіні сахналау. Сиқырлы қоржыннан ертегі кейіпкер<br>лерінің суретін алып, сол кейіпкердің рөлінде ойнайды. Басқа балалар көрермен болады. Сахналау аяқталған соң көрермендерге бас иеді. Көрермендер қол шапалақтайды.<br>Арқалаған тасы бар.*(Тасбақа)*<br>*(Өрмекші)*<br>Гүлге қонады,<br>Гүлдің қонағы,<br>Үйге кірсе,<br>Бөшкелер балға толады.<br>*(Балара)*<br>**3.Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Міндеттері: Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу,оларды суару,түбін қопсыту,жапырақ<br>тарының шаңын сүрту.<br>Тақырыбы: Бөлме өсімдіктері және оларды күту<br>Тәрбиеші балалармен өсімдік<br>тер туралы, олардың пайдасы, түрлері мен өсетін орталары жайлы әңгімелеседі. Сақұлақ тың сұрақтарына жауап береді.Олар неге бөлме өсімдіктері деп аталады?<br>Өйткені олар бөлмеде |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1-тапсырма.Алаңқайда неше алма бар? Цифрды қоршап сыз.Кірпі 1 алманы алып кетті. Неше алма қалды? Цифрдықоршап сыз.Кірпі 2 алманы алып кетті. Неше алма қалды? Цифрды қоршап сыз.<br>2-тапсырма.Әр отырғыш та неше қыз отыр? Цифрды қоршап сыз.Екі отырғышта неше қыз отыр? Цифрды қоршап сыз.<br>3-тапсырма.Штрихта.<br>«Артық, кем, тең» ойын жаттығуы.Ол үшін ойын шықтар немесе санау материалдарының жиын тық тарын орналастырады және қай жерде артық, кем немесе тең екенін салыстыруды сұрайды. Балалар мұны санау негізінде де, элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы арқылы да жасайды.<br>«Шапалақта, тап та, есінеме!» ойыны. Тәрбиеші 7 цифры бар карточка қояды. Содан кейін ол қолын | нүктелерді тіктөртбұрышқа «сал». Олардың саны қанша болды? Суретін сал. Тіктөртбұрыштан нүкте лерді екі шеңберге бөліп «сал». Екінші шеңберде қанша нүкте болды? Суретін сал.<br>4-тапсырма.Жұпты суреттер қалай байланысқан? Тауықтың оң жағында не болуы керек? Белгіле. Жануарлардың қайда тұратынын анықтайды.Суреттітаңдайды<br>5-тапсырма.Өрнекті бастырып сыз. «Не өзгерді?» дидактикалық ойыны.<br>Тәрбиешінің үстелінде бірнеше зат бар. Заттардың орналасуын есте сақтауды және көзді жұмуды сұрайды.Балалар заттардың бір-біріне қатысты қалай орналасқанын есте сақтайды. Содан кейін олар көздерін жұмады, осы уақытта тәрбиеші бір, екі заттың орнын ауыстырады. Көздерін ашып, балалар жасалған өзгерістер туралы, заттар бұрын тұрған және қазір қайда болғандығы туралы айтады.<br>**3.Қазақ тілі**<br>Міндеттері: өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыру<br>Тақырыбы:Әжемнің | Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік!<br>Орамалдан жасалған көрме суреттері, көрмедегі заттардың атауы, пішіні, өрнегі, түсі, қолданылуы жайлы сұрау.<br>Балалар, нені тамашалап тұрсыңдар? Наурыз айында болатын қандай мерекелерді білесіңдер? 8 Наурыз қандай мереке?<br>Ал сендер, аналарыңа сыйлық жасағыларың келе ме? Олай болса, аналарға арналған орамалды әшекейлейік.<br>Үлестірмелі материалдағы орамалдың суретіне назар саламыз.<br>Орамалдың пішіні неге ұқсайды?<br>Түсі қандай?<br>Өрнектері қандай пішінді?<br>Жапсырудың жолдары мен техникасын түсіндіру.<br>Алдымен үлкен үшбұрышты орамалды қиып аламыз. Енді, үлгі сызық бойымен шаршылар ды қиямыз. Шаршыларды үшбұрышты етіп қию керек.<br>Балалар, неше үшбұрыш қидық?<br>Неше үлкен үшбұрыш бар?<br>Төрт кішкентай үшбұрышты орамалдың ортасына жапсырамыз. Қалғандарын орамалдың екі жағына жапсырамыз.<br>Саусаққа арналған «Қуырмаш» жаттығу.<br>Халық ауыз әдебиетінен. | Неліктен қызыл кесінді ұзынырақ? Қызыл кесінді қанша шартты өлшеуішке тең? Көк кесінді қанша шартты өлшеуішке тең? 3 немесе 4-тен артық не бар?Олар қорытынды жасайды, қызыл кесінді ұзынырақ, ол 4 шартты өлшеуішке тең.Көк кесінді қысқа, ол 3 шартты өлшеуіш ке тең.<br>2-тапсырма.Гномдарға өз қарындашын табуға көмектес. Сызып қос. Қарындашты гномның қалпағының түсіне сәйкес боя.<br>Тәрбиеші жеке жұмыс жүргізеді: гномдарды биіктігі бойынша орналастыруды ұсынады (№11 парақ), «жоғары», «төмен» сөздерін қолдана отырып түсіндіреді. Қызыл қалпақшадағы гном – ең ұзыны, оның астындағы көгілдір қалпақша дағы гном. Ол сары түсті ергежейлі ден жоғары және т.б.<br>3-тапсырма. Ұзын мойын орағышты ұзын белдіктің түсіндей түске боя. Қысқа мойынорағышты қысқабелдік тің түсіндей түске боя. Ермексаздан ұзын және қысқа белдік жаса.<br>4-тапсырма.Қыздардың ұзын көйлектерін қызыл, ал қысқа көйлектерін көк түске боя.Балалар көйлектерді ұзындығы бойынша салыс тырады. Бұл тапсырманы | өсіріледі.Балалар, мына гүлдер қалай аталады? Фикус, қазтабан,шегіргүл, қоянқұлақ, бальзамин, колеус.<br>Осы өсімдіктердің барлығына не ортақ? Сабақтары, жапырақтары, гүлі, тамыры. Тәрбиеші балаларды гүлдер тұрған үстелге шақырып, көріп,салыстыруды, айырмашы лықтары мен ұқсастықтарын табуды ұсынады. Балалар жапырақтар пішініне қарап, дінін, өсімдіктің ұзындығын, гүлдердің түстерін атап, ажыратады.Бөлме өсімдіктері өте пайдалы. Бөлме өсімдіктерінің ішінде жарықты сүйетіні де, көлеңкеге төзімдісі де, өзіне жарықтың шашырап түскенін қалайтыны да бар.Ойын: «Ересектерге арналған жұмбақтар» Балалар, бөлме өсімдіктерін өсірудегі қойылатын басты талаптар атаңдар:<br>1. Оларды іріктеп алу;<br>2. Өсіру;<br>3. Баптап күту.<br>4. Жарық, жылу, ылғалдылық.<br>5. Ыңғайлы ыдыс.<br>6. Өсетін жайлы орын.<br>Тақтадан өсімдікті күту алгоритмы суреттері көрсетіледі: топырақты қопсыту; су құю; су бүрку; жапырақтарды сүрту.<br>Енді мен өсімдіктерге күтім жасауды ұсынамын. Балалар, |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шапалақ тайды немесе 2(3,4) рет ақырын адымдар басады және жетіспейтін мөлшер ді шапалақтап немесе аяқпен қадамдаржасап толықтыруды сұрайды.<br>**3.Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Міндеттері: Қазақстанның өзен-көлдеріндегі жануарларды таныстыру<br>Тақырыбы: Қазақстан өзен-көлдеріндегі жануарлар<br>Ойын: «Балықшылар мен балық». Көлтауысар өзен-көлдердегі балықтармен танысуға шақырады.<br>Интербелсенді тақтадан слайд көрсетіледі.Бекіре – бағалы балықтардың бірі. Ол Каспий теңізінде, Еділ, Жайық өзендерінде ғана мекендейді.<br>Балықтардың ішіндегі ең семізі және еті жұмсағы, сүйегі болмайды. Бекірені аулауға тыйым салынған. Егер қорғамасақ, 4–5 жылда жойылыпкетеді. Бекіре | базарлығы.<br>Ұлттық тағамдармен таныстыру.<br>Балалар, әже бізге мына қоржынды беріп жіберіпті. Онда не бар екен? Дидактикалық ойын: «Ғажайып қоржын».<br>Суреттермен жұмыс. Жаңа сөздермен таныстыру.<br>Мынау – бауырсақ.<br>Мынау не?<br>Мынау – бауырсақ<br>Бауырсақтың дәмі қандай?<br>Дыбыстық жаттығу.<br>Қ-қ-қ-қ – қққымыз - қымыз<br>Қ-қ-қ-қ – ққұрт – құрт.<br>«Сиқырлы қаламмен» жұмыс:Тағамдар.<br>Ойын: «Дұрыс ата». Тағамдарды атайды, қаламмен тексереді.Жұмыс дәптерімен жұмыс.Ұлттық тағамдарды ата.<br>Суреттен ұлттық тағамдар ды тап. Оларды үстел үстіне сызып көрсет. Сен не жедің? Не іштің?Балалар сөйлем құрайды.*Мен бауырсақ жедім. Мен қымыз іштім.*<br>**4.Музыка**<br>Міндеттері: Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету,<br>Тақырыбы:Ақ әжем<br>Ұйымдастыру кезеңі. | **4.Дене тәрбиесі**<br>Міндеттері: Дене шынықтыруға баулу<br>Тақырыбы:Бір,екі,үш балалар алды күш!<br>Спорттық жаттығулар.<br>Сырғанау.Шаңғымен жүру.<br>Дербес қимыл белсенділігі.<br>Балалармен бірлесіп жаттығу бағытын таңдап алу.<br>«Бір, екі, екі, бір,<br>Бізбен бірге жүр!<br>Үш, төрт, төрт, үш,<br>Кәне, жина күш!<br>Біреу күлсе – елеме, Жаттығуды тастама,<br>Көп тырыссаң – жетерсің<br>Сен де бір күн жеңіске!»<br>Залдың ортасы арқылы бір-бірден тізбекке тұрып жүру, жүгіру, екі-екіден тізбекке тұрып жүру, жүгіру.Төрт-төрттен тізбек құру.Ырғақты гимнастика. Бүкіл жаттығулар кешенін орындап біткенше арқасын тік ұстап, музыка әуенімен қимылдарды дұрыс орындауға тырысады.<br>Топтарға бөлініп, негізгі жаттығуларды орындау.<br>«Баскетбол»Допты бір қолмен жүргізу. «Секіргіштер»15 см биіктікке бір орыннан екі аяқпен итеріліп, секіріп, екі аяқпен қону.Секіру сызығына келіп тұрады.Жерден екпіндеп итеріледі де,қолдарын сермеп көмектеседі. Секіріп түскен кезде тізелерін аздап бүгіп, қолдарын алдыға созады.<br>«Футболшылар» – «Допты дәл | топтағы қыздардың көйлек терінің немесе юбкаларының ұзындығын салыстырудан бастауға болады. «Керісінше ата» дидактикалық ойыны.<br>Тәрбиеші сөздерді атайды, ал балалар мағынасы жағынан қарама - қарсы: ұзын (қысқа), жоғары (төмен), тар (кең), жұқа (қалың), алыс-жақын, жоғары-төмен және т.б.<br>**3.Қазақ тілі**<br>Міндеттері: ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.<br>Тақырыбы:Нан қайдан келеді?<br>Азық түліктің қазақша атауларымен таныстыру.<br>Балалар, аналарың нанды қайдан алады? Дүкенге нан қайдан келеді білесіңдер ме? «Нан қайдан шығады?»(М. Етекбаев) иллюстрациялар арқылы ертегіні оқу.Ертегі не туралы?Жаңа сөздермен таныстыру.Мынау – сатушы. Са-ту-шы.Мынау кім?Сатушы нан сатады.Сатушы не істейді?Мынау наубайшы.<br>Нау – бай - шы.<br>Мынау кім?Наубайшы нан пісіреді.Наубайшы не пісіреді?<br>Мынау – бидай.<br>Мынау не?Мынау – диірменші.<br>Мынау кім?Диірменші бидайдан ұн жасайды.<br>Диірменші бидайдан не | бізге жұмыс істеу үшін не қажет? Суаруға арналған ыдыстар, бүріккіш бөтелкелер, майлықтар, щеткалар, суаруға арналған шелектегі су,қопсытқыш ағаш таяқшалар, күрекшелер, кішкентай тырмалар, алжапқыштар,жеңдер,басы мызға киетін қалпақтар. Балалар алжапқыш, жеңдер киіп,бастарына - арнайы қалпақтар киеді, жұмыс мазмұнында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, балалар өзара әңгімелесіп, тәрбиешімен бірлесіп еңбек тенеді. Өсімдіктерге күтім жасау керек. Өсімдіктер барлық мүшелерімен тыныс алады: жапырақтары, сабақ, тамыр. Жапырақтардағы шаң өсімдіктің тыныс алуына жол бермейді, сондықтан үлкен тығыз жапырақтар шаңнан дымқыл шүберекпен тазар тылады.Жапырақтарды қалай тазарту керек? Майлықты оң қолмен ұстау керек, өсімдіктің жапырағы сол қолға салынып, ақырын сүртіледі, түбі де сүртіледі.<br>Кішкентай жапырақтары бар өсімдіктер сумен жуылады. – Қалай жуу керек?<br>Өсімдігі бар ыдыс түбі жалпақ ыдысқа, тегешке қойылады. Тегеш қойылған жерге алдын ала клеенка төселеді, сонда су, топырақ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | теңіз түбіндегі балдырлармен, шөптермен қоректенеді. Алабұға Қазақстанның барлық өзен-көлдерінде кездеседі. Кәсіптік маңызы бар. Қорегі – су құрттары, бал дырлар, ұсақ майшабақтар, басқа балықтар шашатын уылдырықтар. Сазан қабыр шағы ірі, тұщы суы бар өзен, көлде өсетін балық. Еділ, Жайық, Жем өзенде рінде, Шалқар, Зайсан, Балқаш көлдерінде кездеседі. Сазанның еті дәмді болады.Табан балық ағысы жай барлық су алаптарында тараған. Қолдан өсіруге де болады. Балықтардың дене бітіміне көз салыңдар,балықтардың денесі неше бөліктен тұрады? Балықтардың денесі үш бөліктен тұрады: басы, денесі, құйрығы. Дене бөліктері немен жабылған? Олардың денесі қабыршақтарменжабыл ған. Қабыршақтарбалықтар | Балалар музыка әуенімен музыка залына келіп, аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, қол ұстасып, баяу тербеледі. Айналып, орнын ауыстырады.<br>Негізгі кезең.<br>*Музыкалық-ырғақтық қимылдар:* «Сағат» (Е. Андосов).<br>Балалар шеңбер бойында жүріп, қолды белге қойып, сағат тілі секілді оңға, солға иіліп, сол ырғақпен ортаға жиналып, кері қайтып, қимылдар жасайды.<br>«Әже мен немересі», «Менің әжем» суреттерін көрсету.<br>Балалармен отбасындағы анамыздың, әкеміздің аналары – әже туралы сұхбат жүргізу. Әжелеріңнің сүйікті немересіңдер, оларға қамкор болуды ұмытпаңдар.<br>*Музыка тыңдау:* «Ақ әжем» (К. Қуатбаев).<br>Әнде кім туралы айтылып отыр?<br>Ән қандай көңіл күйде жазылған?<br>Әжелерің сендерді қалай еркелетеді?<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>*Ән айту:* «Әже тілегі» (Т. Қоңыратбай).<br>Әннің мәтінін балаларға түсіндіріп, әуенін үйрету. | беру»Дөңгелене тұрып, футбол добын оң аяқ және сол аяқпен бір-біріне береді. | жасайды?Мынау – ұн.<br>Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады)<br>І-і-і-і – егінші – егінші<br>І-і-і-і – диірменші – диірменші.<br>– Егінші қандай адам? (Егінші еңбекшіл, еңбекқор адам).<br>Тышқан қандай? (Тышқан жалқау).<br>Қанатты сөз.<br>Ас атасы – нан,<br>Нан атасы – дән.<br>Қандай тыйым сөз білесіңдер?<br>Нанды баспа, ақты төкпе.<br>Нан қоқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар.<br>Теріп алып қастерлеп,<br>Торғайларға тастаңдар.<br>Дидактикалық ойын: «Мен 5 тағам білемін».<br>Ойынның мақсаты: сөздерді бекіту, ойлауға дағдыландыру.<br>Шарты: Допты жерге ұрған сайын бір сөз айтады.Балалар білетін тағамдарын айтады.<br>**4.Музыка**<br>Міндеттері: Балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.<br>Тақырыбы:Ана-өмір шырағы<br>Ұйымдастыру кезеңі<br>Балалар музыка әуенімен музыка залына келіп, шеңбер бойымен жүріп, әуен ауысқанда әуенге сай қимылдар жасап, шеңбер құру.<br>Негізгі кезең<br>*Музыкалық-ырғақтық қимылдар:* «Ленталармен | маңайды бүлдірмейді. Жапырақтары бүршіктермен, бүдірлермен жабылған өсімдіктерді шаңнан тазарту қиынырақ. Мұндай жапырақтардағы шаңды кішкене щеткамен тазалау керек. Ылғал мен ауа өсімдік тердің тамырларына жақсы өтуі үшін өсімдік өсіп тұрған топырақ босаңдау болуы керек. Ағаш таяқшалармен топырақты қопсытайық. Балалар, қалай босаңсытуға болады?Топырақты мұқият қопсыту керек.Топырақты терең қопсытпайды, өсімдіктің тамыры зақым далуы мүмкін. Балалар, қарандаршы өсімдіктер қандай жарқырап, әдемiленді, жапырақтары тап-таза болды. Енді суаруға, жапырақтарына су бүркуге көшеміз. Су бүрку – өсімдік күтімінің маңызды бөлігі. Ол үшін бізге бүріккіш бөтелке қажет. Бірақ шегіргүл және бегонияға су бүркугеболмайды, өйткені олардың жапырақтары жүнді, жұмсақ, тез зақымданады, су тисе, жапырақты ойып жібереді, жапырақ бүлінеді. Балалар, өсімдіктерді қандай сумен суару керек? Ол үшін үлкенірек ыдысқа алдын ала суаратын суды құйып қою қажет, краннан алынған мұздай, суық сумен суаруға болмайды, өсімдікке зақым |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дың денесін жарақаттанудан сақтайды. Суда қалай қозғалады, қозғалуға нелер себеп болады?<br>Суда жүзбеқанаттардың көмегі<br>мен жүзеді. Балықтар қалай көбейеді?Олар уылдырық шашады, олар<br>дан ұсақ шабақтар өсіп шығады. Уылдырық деген – балықтардың ұрығы.<br>Олар қалай тыныс алады?<br>Олар желбезегі арқылы судағы еріген ауамен тыныс алады. Шортан балықтың дене пішіні қандай?Ұзынша келген, қабыршықтары майда, көзге байқалмайды. – Балалар, балықтар да аңдар сияқты жыртқыш болады. Шортан – жыртқыш балық, оның тістері үшкір, ұсақ шабақтармен қоректенеді.<br>Ойын:«Қармаққа нетүсті?»<br>Ойын: «Қанша балық ауладық?» Балықтар да қорғауды қажет етеді, сондықтан оларды бей-берекет аулауға | Ән айту кезіндегі ережелерді еске түсіріп, бір-бірін тыңдай отырып, қатты айғайламай, мәнерлеп айту.<br>«Екеуміз әйбат баламыз» (И. Нүсіпбаев), ән сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>*Билер:* «Полька» эстон халық биі.<br>Балаларға полька қимылдарын жасату, аяқты тізеден бүгіп жоғары көтеру дағдыларын қайталап үйрету.<br>*Ойындар, хороводтар:* «Қоянды ұстандар» (К. Қуатбаев).<br>Тәрбиеші ойын шартын түсіндіреді. Балалар шеңбер бойында тұрады да, ортада бір бала қоян болады, ортадағы қоянның қимылдарын шеңберде тұрған балалар қайталайды.<br>Қоян шеңберден шығуға тырысады, балалар жібермейді.<br>*Музыкалық аспапта ойнау:* «Янка» беларусь халық биі.<br>Балалар аспапта ойнағанда ырғақты ұстап, әуенге ілесе ұрмалы аспаптармен ойнайды. | | жаттығу» (В.Моцарт).<br>Балалар шеңбер бойында, қолдарына лента ұстап, сол ленталар мен музыкаға ілесіп қимылдар жасайды, екі қолды кезек кезек көтеріп, бастан жоғары ұстап, айналады.<br>Балалармен ана туралы әңгіме өткізу, өз сезімдері, ой-пікірлері туралы сұхбаттасу.<br>Балаларға әртүрлі көңіл күйдегі аналардың суреттерін көрсетіп, әңгіме құрастыру.<br>*Музыка тыңдау:* «Аман болшы, анашым» (Б. Қабиева).<br>Әнді тыңдап болып, әннің кім туралы айтылып отырғанын сұрау.<br>Музыканың көңіл күйі, сипаты қандай?Музыка тыңдап отырып сендер ана туралы не ойладыңдар?<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын орындатып, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>*Ән айту:* «Анашым» (Е.Хасанғалиев).<br>Тәрбиеші әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.<br>Әнді тыңдағанда қандай әсерде болдыңдар?<br>Әннің көңіл күйі қандай?<br>Ән сендерге ұнады ма, несімен ұнады? Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.<br>Өткен оқу қызметінде үйренген әнді еске түсіру.«Әже тілегі» | келеді. Балалар тәрбиешінің кеңесін тыңдап, сұрақтарына жауап беріп, әңгімелесе отырып, өсімдіктерге күтім жасайды.Балалар, біз өсімдіктерді қандай табиғатқа жатқызамыз?Жандытабиғатқа<br>Олар өседі, өнеді, тыныс алады, көбейеді.<br>Ал, балалар, біз жұмыс орнын жинауымыз керек. (Балалар жұмыс құралдарын жинайды) Үлестірмелі материалдармен жұмыс: Саққұлаққа суреттербойынша бөлме өсімдіктерін қалай күту керек екенін түсіндір. Бөлме өсімдіктерінің қайсысы сендердің топта немесе үйде өседі?Белгіле. Білетіндеріңнің атын айт.<br>**4.Дене тәрбиесі**<br>Міндеттері: Дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту;<br>Тақырыбы:Қазақстан Республикасы халықтарының ойындары.<br>Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту.<br>Тренинг: «Күлкі сыйла»<br>ҚР қонақжайлылық пен толеранттылық дәстүрлеріне назар аудару.Шеңберге тұрып бір-біріне бастарын бұрып, күлімсірейді. Келесі балаға бұрылып,күлімсіреуді әрі қарай, келесі балаға сыйлайды.Осылайша күлім |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | болмайды.<br>Үлестірмелі материал дармен жұмыс:<br>Біздің елімізде суда мекендейтін жануарларды белгіле. Көлтауысарға олар жайлы айтып бер.Балық денесінің бөліктерін ата. Олар оның тіршілігінде қандай рөл атқарады?<br>**4.Дене тәрбиесі**<br>Міндеттері: салауатты өмір салты дағдыларын дамыту;<br>Тақырыбы:Стадион.<br>Бір-бірден тізбеккетұрады.<br>Оңға, солға, артқа бұрыла<br>ды. Бір-бірден, екі-екіден тізбекпен жүреді. Бір-бірден, екі-екіден тізбек<br>пен жүгіреді.<br>Ырғақты гимнастика.<br>Өз еркінше залға шашырап тұрады. Музыкаырғағымен қимылдарды ырғаққа сай, жаттығулар кешенін толық орындап біткенше арқасын тік ұстап орындайды.<br>Дұрыс тыныс алуға, қалыпты тыныс алуға тырысады.Топтарға бөлініп негізгі жаттығу | | | (Т. Қоңыратбай), ән сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>*Билер:* «Киіз басу» («Келіншек» халық күйі, өңдеген Б. Дәлденбай). Қыздар қолдарына екі таяқша ұстап, биге шығады.Қыздар шеңбер бойымен жүгіріп, таяқшаны бір-біріне соққылап,Бір қатарға тізіліп, тізерлеп отырады. Таяқты жерге кезек-кезек ұрғылайды, «сабау сабап» отырған қимылдыкөрсетеді. Таяқшаны жерге қойып, алақан дарымен еденді шапалақтайды, Жүнді жөндеп қойып жатқан қимылды көрсетеді.Таяқтың біреуін алып, қамыр жайған секілді қимыл жасайды. Білектерін кезек-кезек жерге тигізіп, «киіз басуды» әрі қарай жалғастырады.Орындарынан тұрып, таяқшаларын басынан жоғары көтеріп, бір-біріне соғып, шығып кетеді.<br>«Полька» эстон халық биі. Би қимылдарын үйренуді жалғастыру, қайталау. Әуенге ілесе мәнерлі орындауға дағдылану.<br>*Ойындар, хороводтар:* «Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев). Тәрбиеші ойын шартын түсіндіреді.<br>Шеңберде тұрып, ырғаққа ілесіп шапалақпен қимылдар жасайды.<br>*Музыкалық аспапта ойнау:* «Күншуақ» (Е. Құсайынов). | сіреуді бір-біріне бере отырып, бірінші ойыншыға қайтып келеді. «Миға гимнастика»Жаттығу: «Айқас қадамдар»Сол аяқтың ырғағымен оң қол қимылдайтындай етіп қозғалу. Ал енді оң аяқтың ырғағымен сол қол қимылдайды.Жүріп келе жатып, сол қолмен оң аяқты тигізу, оң қолмен, сол аяқты тигізу.Жаттығу: «Жалқау сегіздер»Оң қолдарында қарындаш бар деп ойлап, ауада жатып қалған сегіздің суретін салу. («шексіздік» таңбасы), енді – сол қолмен. Енді екі қолмен бірдей салу. «Отарға шапқан қасқыр» (Қырғыз ойыны). Қасқыр тек соңғы лақты ұстай алады. Ұсталған лақтарды басқа жерге қамап қояды. Егер қасқыр лақты ұзақ уақыт ұстай алмаса, басқа қасқыр сайланады.Ойыншылар бірінің артына бірі тұрып, ұзын тізбек құрайды. Бір-бірін шынтағынан ұстайды. Бұл – лақтар. Ең бірінші болып олардың бастаушысы тұрады. Бір ойыншы қасқыр болады. Қасқыр ақырындап, оны алдап келіп, соңғы лақты ұстап алуы керек.Ал бастаушы болса, қасқыр қайжақтан айналса, сол жаққа тұра қалып, оған кедергі жасайды.«Орын ал» ( Татар |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ларды орындайды. «Баскетбол»Допты 4 метр қашықтықта заттардың арасымен екі қолмен жүр гізу.Допты оң қолына алып, еденге соғып, сол қолмен қайта қағып алады. Доп кеуде деңгейінен аспай ұшатындай етіп лақтыру үшін күшін бөлуге тырысады. «Гимнастика»Ұзын орындықтың бетімен жүру. Шектеулі бетпен жаттығу лар орындайды. «Футбол»Допты 2 метрден екі аяқпен кезек-кезек жүргізу. «Қалашық»Балаларды ойын ережелерімен және қажетті жабдығымен таныстыру: «Қалашық» – ерекше тәсілмен жиналған арнайы фигуралар. Олар цилиндр пішінді 5 қысқа таяқшадан тұрады. Ойын шарты бойынша бес-бес таяқшадан 15 фигура құрылады.Ойыншылар 3 метр қашықтықтан фигура ны таңдайды.Ұратын таяқшаны жер | | | Балалар аспапта ойнағанда ырғақты ұстап, әуенге ілесе ұрмалы аспаптармен ойнайды. | ойыны) Шеңбер«Жүгір!» дегенде, тоқтай қалуы керек. Тек шеңбермен жүгіруге болады. Шеңберді кесіп өтуге болмайды. Жүгіріп келе жатып, шеңберге тиіп кеткен ойыншы ойыннан шығады. Ойыншылардың біреуін жүргізуші етіп сайлайды. Қалғандары қолдарынан ұстап, шеңбер бойымен жүреді. Жүргізуші шеңбер бойымен қарсы бағытта жүреді:«Соқыртеке» (орыс ойыны)Ойын кезінде ешкім шеңберден шыға алмайды. Ойыншылар үлкен шеңберге тұрады.Жүргізушіні сайлап, көздерінбайлап, шеңбердің ортасына қояды. Жүргізуші ойыншыларды ұстап алып, атын атауы керек. Ал ойыншылар одан еңкейіп, шалқайып,ұстатпай қашады. Тек шеңберден шықпайды. Егер жүргізуші бір ойыншыны ұстап, атын дұрыс айтса, барлық балалар «көзінді аш!» деп айқайлайды,ал егер дұрыс атай алмаса, балалар дыбысын шығармай, тек жан-жақтан шапалақ ұрып, қателескенін білдіреді. Ойын одан әрі жалғаса береді. Сезімдік жаттығу: «Өз-өзінді қолға ал! |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бауырлап ұшатындай етіп лақтыру<br>дың ойындағы ең басты шарты екендігін естен шығармай, балаларға жеткізе білу керек.<br>Зейінді дамыту жаттығулары:<br>«Жазу мәшинесі»<br>Әр ойыншы бір дыбысты таңдайды. Жүргізуші бір сөз айтады. Ойыншылар сол сөздегі дыбыстар реті бойынша өзіне берілген дыбыстың реті келгенде бір шапалақ ұрады. Сөйтіп әр «дыбыс» өз кезегінде шапалақтайды. Сөз толық басылған кезде барлық ойыншылар бірге шапалақтайды. | | | | |
| Серуенге дайындық | Өз бетінше киіну және шешіну қабілетін белгілі бір ретпен бекіту, заттарды шкафқа дұрыс орналас тыру және ұқыпты бүктеу, әр түрлі бекіткіштерді қолдану қабілетін бекіту.<br>Бекіткішті бекітеміз<br>Сенің киіміңде:<br>Түймелер мен қалталар,<br>Әр түрлі тойтармалар.<br>(Сөйлеуді дамыту) | Жағдай бойынша жеке әңгімелер.<br>Киімдерін ұқыпты жинау | Таза ауадағы жүріс-тұрыс ережелерін қайталау | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын дамыту; мотивация | Киіну ретін пысықтау. Жолдасына көмектесу |
| Серуен | Желді бақылау<br>Мақсаты: балалардың | Ауа-райын бақылау<br>Мақсаты: балалардың ауа- | Ауа-райын бақылау<br>Мақсаты: балаларды | Аула тазалаушының жұмысын бақылау | Күнді бақылау, күндізгі жарықтың өзгеруі, күннің |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жел күшінің өзгеруін байқауға деген қызығушылығын қалыптастыру.<br>Еңбек қызметі: шағын қалыптарды тазарту<br>Мақсаты: еңбекқорлық пен ұжымдық жұмыс істей білуге тәрбиелеу.<br>Дидактикалық ойын «Бұл қандай жел?»<br>Мақсаты: сын есімдерді таңдау.<br>«Қаздар-аққулар» қимылды ойын<br>Мақсаты: ойын ережелерін сақтау.<br>«Тұзақ» қимылды ойыны<br>Мақсаты: ептілікті дамыту.<br>Шығаратын материал: жел диірмендері, сұлтандар | райының жағдайын анықтау дағдысын қалыптастыру; күнделікті өзгерістерді байқау.<br>Еңбек қызметі: кіреберістегі қарды сыпыру<br>Мақсаты: еңбекқорлық пен еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу.<br>«Қаздар – аққулар» қимылды ойын<br>Мақсаты: ойын ережелерін сақтауға үйрету.<br>«Біз көңілді балалар» қимылды ойыны<br>Мақсаты: ептілік пен жүгіруді дамыту.<br>Шығарылатын материалмен ойын: қалақша | табиғаттағы маусымдық өзгерістермен таныстыруды жалғастыру; ақпан айында қандай өзгеріс болғанын атап өту.<br>Еңбек қызметі: кіреберістегі қарды сыпыру<br>Мақсаты: басталған істі соңына дейін жеткізуге үйрету.<br>Дидактикалық ойын «Бұл қай кезде болады?»<br>Мақсаты: жыл мезгілдері туралы білімді бекіту.<br>«Бұрыштар» қимылды ойыны<br>Мақсаты: реакцияны дамыту.<br>«Біз көңілді балалар» қимылды ойыны<br>Мақсаты: ептілік пен жүгіруді дамыту.<br>Шығаратын материал: қалақша | Мақсаты: қыста ересектердің жұмысы туралы білімдерін кеңейту; еңбекке деген құрметке тәрбиелеу.<br>Еңбек қызметі.<br>«Қыстайтын құстарды ата» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: құстардың 2-3 түрін атауға үйрету.<br>«Мысық пен тышқан» қимылды ойыны<br>Мақсаты: ойын ережелерін сақтауға үйретуді жалғастыру; қозғалыс белсенділігін арттыру.<br>«Бұрыштар» қимылды ойыны<br>Мақсаты: ептілікті, жүгіру жылдамдығын бекіту.<br>Ашық ауада балаларға арналған еркін ойындар: күректер, сыпыртқы | ұзақтығы туралы<br>Мақсаты: ауа-райының белгілі бір белгісі, өсімдік пен жануарлар өміріндегі маусымдық өзгерістер, күннің тірі және өлі табиғатқа әсері арасындағы байланысты анықтауға көмектесу.<br>Еңбек қызметі: жолды қардан тазарту<br>Мақсаты: бір-біріне көмектесу арқылы бірге жұмыс істеуге деген ұмтылысты дамыту.<br>«Мөңке балық және шортан» қимылды ойыны<br>Мақсаты: рөлді бөлу туралы өз бетінше келісуге үйретуді жалғастыру.<br>Ойындар: «Көңілді үштік», «Карусель шана», «Скок, скок, секіру»<br>Мақсаты: балаларды жүгіру, секіру, оңға, солға бұру жаттығулары.<br>Шығаратын материал: шелек, күрек |
| Серуеннен оралу | Жуыну, шешіну, киіну кезінде дағдыды қалыптастыруды жалғастыру, жуыну әдістерінде жаттығу: жеңді түру, қолды сабынмен сабындау, сумен жуынғаннан кейін қолдың суын сарқу. Дербес ойын әрекеті. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу | Серуеннен алған әсерімен бөлісу. | Серуендеу туралы эмоционалды жауап (Не есте қалды?) | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын дамыту; мотивация | Өзіне-өзі қызмет көрсету және киімге күтім жасау дағдыларын жетілдіру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалармен жеке жұмыс | «Отбасы» сюжетті-рөлдік ойыны (Анам кешкі асқа дастархан жайады)<br>Мақсаты: топтарда ойнауды үйрену, рөлдерді бөлу, үстелді орнату, сюжетті дамыту<br>«Біз ертегі ойнаймыз»<br>Мақсаты: ертегі ойнау (Бибабо қуыршағы)<br>«Маша мен аю» ертегісі | «Жиһаз дүкені» сюжетті-рөлдік ойыны<br>Мақсаты: балалар жасаған ғимараттармен сюжетті ашуға жағдай жасау.<br>Дидактикалық ойын «Не үшін?»(Ыдыс-аяқ не үшін қажет? Төсек не үшін қажет?)<br>Мақсаты: ойлауды, сөйлеуді дамыту.<br>«Жануарлардың қыстауы» ертегісін драмалау<br>Мақсаты: еліктеуді, эмоционалдылықты үйрену; сөйлеуді, есте сақтауды дамыту | «Ыдыс-аяқ» тақырыбында жұмбақ шешу<br>«Ыдыс-аяқ дүкені» сюжетті-рөлдік ойыны<br>Мақсаты: рөлдерді жоспар бойынша ойнауға үйрету; ойлау, есте сақтау, дербестікті дамыту, белгілі бір тағамдарға арналған ыдыс-аяқтарды таңдау.<br>Театр бұрышы<br>«Біз ертегі ойнаймыз»<br>Мақсаты: ертегі ойнау (Бибабо қуыршағы); балаларға «Қасқыр мен жеті лақ» ертегісін ойнауды ұсыну | Жиһаз туралы жұмбақтар.<br>Мақсаты: логикалық ойлауды дамыту.<br>«Ақылды машиналар» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: жұмыста адамдарға әртүрлі машиналар көмектесетіні туралы білімді бекіту; машиналарды мақсатына қарай топтастыру; сөздікті белсендіру (электр құрылғылары) | Дидактикалық ойын «Адам қайда тұрады?»<br>Мақсаты: адамдардың үйі туралы білімді бекіту, әртүрлі құрылымдарды дұрыс атау.<br>«Жиһаз фабрикасы» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: балалардың ойын жүзеге асыру үшін жағдай жасау |
| Балалардың іс-әрекеті(ойын, танымдық, коммуникативтік,шығармашылық,эксперименталдық,еңбек, қимыл,бейнелеу,дербес жәнебасқалары | Қарым-қатынас дағдысы<br>«Төртінші артық» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: ойлауды, зейінді дамыту | Шығармашылық дағды<br>Оригами «Орындық»<br>Мақсаты: балаларды қағазбен жұмыс істеуге үйрету, оны диагональ бойынша бүгу, бұрышты туралау; жиһазды (орындық, үстел) жасауды ұсыну;<br>салу (комод, шкаф) | Әлеуметтік дағды<br>«Үй және жабайы жануарлар» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: жануарларды топтай білу | Танымдық дағды<br>Ойын «Санау таяқшасынан және танграмнан жиһазды схема бойынша және ойдан сал»<br>Мақсаты: ойлауды, қиялды дамыту | Шығармашылық дағды<br>Сурет салу «Табақ»<br>Мақсаты: табаққа өрнек салу қабілетін дамыту; әртүрлі түстер палитрасын қолдана отырып, гуашьпен сурет салуды үйрену |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата-аналарға арналған практикалық сабақ (WhatsApp мессенджері). Тақырыбы: «Сұраңыз, жауап береміз» Мақсаты: ата-аналарға баламен қарым-қатынас сипатын түсінуге көмектесу; балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынас контекстінде сындарлы қарым-қатынас дағдысын кеңейту. | Баланы әртүрлі іс-әрекеттердегі жетістіктері үшін мадақтау.<br>Сау болыңыз! | Кеңес беру<br>Тақырыбы: "СӨС бойынша ата-аналарға арналған ұсыныстар".<br>Сау болыңыз! | Жолды кесіп өту кезінде ережелерді пысықтауға кеңес беру<br>Сау болыңыз! | «Қысқы ойындар» фотокөрме<br>Мақсаты: ата-аналарды балалармен және тәрбиешілермен бірлескен қызметке тарту; мектеп өміріне қатысуды жандандыру |

Scanned with CamScanner